

ЕЛБАСЫ ЖӘНЕ ЕЛОРДА

## ҚАЛА ДЕГЕН – ҚАМАЛДАР ЕМЕС, АДАМДАР

4-БЕТТЕ



ТҰЛҒА

## ДИДАҒАНЫҢ ДИДАРЫ

7-БЕТТЕ



РУХАНИЯТ

## ШОРТАНБАЙ МОЛДАЛАРҒА НЕГЕ ШҮЙЛІКТІ?

8-БЕТТЕ

@NurSultanNewsBot t.me/elordainfo

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ / 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Nur-Sultan ҰЛЫ ДАЛА ЖҮРЕГІ

ASTANA AQSHAMY

ОҚЫРМАНМЕН БІРГЕ! 30 жыл

№67 (4036) | Сейсенбі | 9 маусым 2020 жыл



Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов қаланы аралау барысында тұрғындармен кездесіп, олардың мұң-мұқтаждықтарын біліп жатады. Халықтың проблемаларына сергек қарауының нәтижесінде талай жылдан бері қордаланып қалған біршама іс оң шешілді. Әсіресе, тұрғын алаптарда жол жөндеу, шеткі аймақтар тұрғындарын қажет инфрақұрылыммен қамтамасыз ету сияқты іргелі істер биыл жедел қолға алынды. 5

Сұлтан СЕЙІТ

# ЖАЙЛЫ ЖОЛ – ДАМУДЫҢ КӨРІНІСІ

### ҚАЛА ІШІ ҒАНА ЕМЕС, ШЕТКІ АЙМАҚТАР ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ДА ЖАҚСАРЫП КЕЛЕДІ



## ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУ ЖАЛҒАСЫП ЖАТЫР

Елордада дезинфекция шаралары жалғасуда. Әсіресе, саябақтарда, ашық алаңдар мен шағын бақтарда, базарларда, сауда-ойын сауық орталықтарында, балалар алаңдарында, үйлердің кіреберістерінде, адамдар көп жиналатын орындарда күшейтілген залалсыздандыру жүруде.

Осы уақытқа дейін барлығы 20 миллион шаршы метрден астам аумақ залалсыздандырылды. Дезинфекция жаяу және арнайы машиналар көмегімен жүргізіледі.

«ASTANA AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2020 ЖЫЛДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!




## ГАЗ ТАРАТУ ЖЕЛІЛЕРІ ТҰРҒЫН АЛАПТАРҒА ЖЕТТІ

Бүгінгі күні газ тарату желілері «Көктал-1», «Көктал-2», «Железнодорожный», «Агрогородок» тұрғын алаптарындағы бірқатар үйлерге жеткізілді.

2

№67 (4036) 9 маусым 2020 жыл
ASTANA AQSHAMY www.astana-akshamy.kz
@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

# ГАЗ ТАРАТУ ЖЕЛІЛЕРІ ТҰРҒЫН АЛАПТАРҒА ЖЕТТІ

**Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов ЖЭО-1 және ЖЭО-2 газға көшіру жұмысымен, өнеркәсіптік сектор мен тұрғын алаптарға арналған газ тарату желілерінің құрылысымен танысты.**



Бүгінгі күні газ тарату желілері «Көктал-1», «Көктал-2», «Железнодорожный», «Агрогородок» тұрғын алаптарындағы бірқатар үйлерге жеткізілді. Тұрғындарға ақысыз негізде есептегіш құралдар орнатылады.

Газ құбыры Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасына сәйкес салынып жатыр. Елорданы одан әрі дамыту жөніндегі кеңесте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қаланы газдандыру процесін бақылауға алуды тапсырды.

– Астананы газдандыру – Елбасының тарихи жобасы. Газ өткізу қаланың экологиясына жағымды әсер етіп қана қоймай, жеке сектор тұрғындарының өмірін едәуір жеңілдетуге мүмкіндік береді. Газ тарату желілерін салу жұмыстары «Промышленный», «Оңтүстік-Шығыс» тұрғын алаптарынан басталды. «Көктал-1» және «Железнодорожный» тұрғын алаптарындағы әлеуметтік нысандарды газға биыл жазда қосамыз, – деді А.Көлгінов.

Өнеркәсіптік сектор мен тұрғын алаптарды газдандыру үш кезеңмен өтеді. Биылғы жылыту маусымында «Көктал-1», «Көктал-2», «Агрогородок», «Промышленный», «Железнодорожный» тұрғын алаптары газбен қамтылады. Ал «Оңтүстік-Шығыста» жұмыстар жалғасып жатыр.

Екінші кезеңде «Мичурино», «Интернациональный», «Күйгенжар», «Тельман», «Пригородный», Garden Village және Family Village, ал үшінші кезеңде «Ильинка», «Шұбар», «Өндіріс» газдандырылады. Жобаны іске асыру мерзімі 2020-2023 жылдарды қамтиды. Газ тарту қаладағы зиянды қалдықтардың алты есеге, қатты заттардың 40 мың тоннаға дейін азаюына мүмкіндік береді.

## КЕЗЕКСӨЗ

**Нұртөре ЖҮСІП, Сенат депутаты:**

**«Гүлге су құймаса – солып қалады. Өспейді. Балалар әдебиеті де сол гүл сияқты. Бұл салаға қомақты қаржы құйылмаса, ешкім жөндеп айналыспайтын болады. Кембридж тәсілі бойынша, 1-сыныпқа барған оқушының сөздік қоры үш мың сөзге жетуі керек. Ата-анасы күні бойы жұмыста, сәби кезінде ертегі тыңдамаған, тақпақ жаттамаған балада сөздік қор қайдан болсын?».**

(04.06.2020. Үкімет басшысы А.Маминге жолдаған депутаттық сауалынан алынды)



# ЖАҢҒЫРТУ ЖАЛҒАСА БЕРЕДІ

**Елорда әкімі Алтай Көлгіновтің таяуда «Орбита» және «Территория комфорта» тұрғын үй кешендері тұрғындарымен кездесуінде үйлерді жөндеу мәселесі көтерілген болатын. Тиісті жұмыстар басталды. Қала басшысы соны бақылап қайтты.**

– Биыл ауқымды жұмыс атқарылады. Тұрғын үй кешендері қаптамасы тұрғындарға қауіп төндірмеуі тиіс. «Орбита» және «Территория комфорта» тұрғын үй кешендерінің салынғанына көп болмаса да, жел тұрған сайын плиткасы құлай бастайды. Витраждары да дұрыс орнатылмаған. Қазір жөндеу басталды. Қаптамасын ауыстырып, витраждарды қайта монтаждаймыз. Сондай-ақ өрт қауіпсіздігі жүйесі мен жылыту жүйесін жөндеп, басқа да мәселелерді шешетін боламыз, – деді А.Көлгінов.

Қала әкімі Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығын жаңғырту бағдарламасы аясында биыл 50-ден астам көппәтерлі тұрғын үй кешені жөнделетінін, 100-ден аса лифт жөнделіп, кейбіреуі жаңасына ауыстырылатынын атап өтті.

# 800 ОТБАСЫ ЖАҢА ҮЙГЕ КӨШЕДІ

**Нұр-Сұлтан қаласында ескі, апатты үйлерді сүру жұмыстары басталды. Биыл 800-ден астам отбасы жаңа және қауіпсіз үйге көшіріледі.**

Қазір Б.Бейсекбаев көшесінде орналасқан ескі үйлер құрылуде. Бұл үйлердің пайдалануға берілгеніне 70 жылға жуықтады. Жыл соңына дейін 1930 жылы салынған баспаналар сүріледі.

Жаңғырту бағдарламасы – қайтарылатын қаржы. Мемлекет күрделі жөндеуге қаржы бөледі. Кейін бұл 15 жыл мерзіміне дейін тұрғындардың арасында бөлінеді.

Өткен жылы «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша 8 апатты үйдің тұрғындары көшіріліп, 90-нан астам отбасы жаңа пәтерге қоныстанды. Сонымен бірге үйлері мұнай базасына жақын орналасқан 39 разъезд тұрғындары қауіпсіз жерге көшірілді.



# ҮШ НЫСАН ЖАБЫЛДЫ

**Демалыс күндері Нұр-Сұлтанда санитарлық нормаларды сақтау бойынша 230 кәсіпорын тексерілді. 15 нысан ескерту алып, 3 нысан жабылды. Бұл – кейбір асханалар мен кофеханалар.**

Әкімдіктің мобильді тобы полицейлер және эпидемиологтармен бірге күн сайын санитарлық нормаларды бұзған мекемелерді анықтау үшін рейд жүргізеді. Санитарлық нормаларды сақтамаған үшін жабылған нысандар санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың қатаң сақталуын қамтамасыз етпейінше жабық болады. Мұндай қатаң шара коронавирустың таралуына жол бермеу үшін қабылданды.

## АСТАНАДАН АУЫЛҒА ДЕЙІН...

### НҰР-СҰЛТАН

Елорда әуежайына NQZ деген жаңа код берілді. Мұндағы N - Нұр-Сұлтан қаласы және Н. Назарбаев әуежайын атауын, ал QZ – жаңа тәуелсіз Қазақстанның жаңа әліпбидегі Qazaqstan атауын білдіреді. Яғни, жаңа кодтың үш мағынасы бар – жаңа әуежай, жаңа елорда және жалпы қазақ елінің халықаралық сахнадағы жаңа әліпбиі.

### АЛМАТЫ

2020 жылы Алматының индустриалдық аймағында алты шағын өнеркәсіп паркі іске қосылады. Қазіргі уақытта құрылысшылар жобалық жұмыстарды аяқтап, учаскелердегі құрылыс-монтаж жұмысына кірісуді жоспарлап отыр. Өндірістік үй-жайдың жалпы ауданы – 28 мың шаршы метр. Онда құрылыс, жиһаз, жеңіл және тамақ өнеркәсібі саласында 70-ке жуық өндіріс орналасады. 700-ден астам жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған.

### ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Зайсан ауданының аумағынан орта ғасырлық қалашықтың орны табылды. Қалашық 5 ғасыр мен 12 ғасырға дейінгі аралыққа тиесілі болуы мүмкін. Қазба жұмыстары кезінде қыш құмыра сынықтары, құрылысқа пайдаланған шақпақ тастар, мыс ыдыстардың сынықтары, мыс пышақ, тастан ойылып, шебер жасалған әшекей бұйымның қалдықтары шыққан.

### ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

С. Торайғыров университетінің өнертапқыштары Асылхан Маздубай мен Руслан Мұқанов электр катамаран ойлап тапты. Осыған байланысты оқу орны аумағында шағын өндіріс алаңы пайда болды. Шағын катер жұмысында баламалы энергия көздері мен гибридті қозғалтқыш пайдаланылады. Электр катамаран 20 адамға шақталған және ағынға қарсы сағатына 15 шақырымға дейінгі жылдамдықпен жүзе алады.

### ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Ордабасы ауданында мұнай өнімдерін өндіру бойынша ерекше жоба қолға алынбақ. Бірегей жоба бойынша Евро - 5 стандартына сай отандық өнімдер кәдімгі көмірден өндіріледі. Бадам ауыл округіндегі «Стандарт Ресурсис» ЖШС көмір-химиялық комбинаты жылына 30 мың тоннаға дейін шикізат өндіруге қауқарлы.

# ЖҰМЫСҚА ТҰРУҒА ЖӘРДЕМДЕСЕДІ

**Жұмыссыз азаматтар жұмысқа тұру мәселелері бойынша Нұр-Сұлтан қаласының халықты жұмыспен қамту орталығына онлайн және оффлайн түрде жүгіне алады. Жыл басынан бері оған 7 мыңға жуық қала тұрғыны өтініш түсірген. Қазіргі кезде жұмыссыздар қатарында 3,6 мыңнан астам адам есепте тұр. Бұл туралы орталық директоры Бақытбек Қабжанов қала әкімдігінде ұйымдастырылған баспасөз мәслихатында мәлімдеді.**



– Бос орындар туралы ақпаратпен www.enbek.kz және орталықтың www.cz.astana.kz сайтында онлайн танысуға болады. Жұмыс іздеген адам тіркелу және әңгімелесуге жолдама алу үшін www.egov.kz арқылы өтініш жіберуі қажет, – деді Б.Қабжанов.

Оның айтуынша, жұмыспен қамту орталығына барып оффлайн кездесу үшін «Smart Astana» мобильді қосымшасы арқылы тіркелу керек. Содан соң орталық мамандары бос жұмыс орындарын көрсетіп, жұмыс іздеуші ретінде тіркейді. Содан соң жұмыс берушімен әңгімелесуге жолдама береді.

Жұмыспен қамту орталығы «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында білікті кадрларды іріктеп, инфрақұрылымдық жобаларға сұхбаттасуға жібереді. 5 маусымға дейін осы бағдарлама шеңберінде 2410 адам жұмысқа орналастырылды.

# ОНЫНШЫ ЕМХАНАДАҒЫ ОЛҚЫЛЫҚТАР

**Елордалық емханалар жұмысына мониторинг жүргізілгенде №10 қалалық емханаға келушілер тарапынан шағымдар көп болып шықты. «Астана – адалдық алаңы» жобалық кеңсесінің өкілдері аталған емдеу орнына қала тұрғындары тарапынан бір айда 28 шағым келіп түскенін анықтады.**

Осы шағымдар негізінде жобалық кеңсе мен «Қазақстандық даму ассоциациясы» қоғамдық ұйымының өкілдері аталған қалалық емханаға тексеру жүргізді. 1-31 мамыр аралығында түскен отызға жуық шағым, негізінен, емханаға қаралғысы келгендердің дәрігер қабылдауына жазылу үшін тіркеу орнына телефон соғып ала алмауы, жағдайы ауыр науқастардың үйіне шақыртқанда дәрігерлердің келмеуі, карантиндік шаралардың сақталмауымен байланысты туындаған.

– Сонымен қатар медбикелер, акушерлер келушілерге дөрекі сөйлеген. Тегін дәрі-дәрмек жеткізілмегендігі туралы да шағымдар бар. Біз емхананың бас дәрігерімен, оның орынбасарымен сөйлесіп, шағымдарды бердік. Енді емхананың осы кері рейтинг басында тұруына себеп болған мәселелерді жүйе-жүйесімен зерттейтін боламыз, – деді «Астана – адалдық алаңы» жобасының басшысы Мирас Шекенов.

Емхана басшылығы әрбір шағым бойынша жазбаша хат пен түсініктеме жазуға міндеттелді. Тегін дәрі-дәрмектерді тездетіп іздеу бойынша ұсынымдық жұмыстар жүргізілді.

– Барлық мәселелерді талқыладық. Азаматтардың шағымы бойынша соңғы шешімдерді қабылдау үшін тиісті органдар өкілдерімен қайталап кездесуге уағдаластыққа қол жеткіздік, – деді №10 қалалық емхананың бас дәрігері Гүлнар Алпысбекова.



# ЖИЫН ОРЫНДАРЫ БЕЛГІЛЕНДІ

**Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты бейбіт жиын өткізу үшін айқындаған жалпыға ортақ орындарды немесе жүру маршрутын белгіледі. Құжат Ашық нормативтік-құқықтық актілер порталында жария талқыға ұсынылды.**

Аталған құжатқа сәйкес, елордада бейбіт жиындар мен шеру өткізу үшін 4 арнайы орын ұсынылып отыр.

Біріншісі – аумағы 4 380 шаршы метрді құрайтын, 1000 адам сиятын Ш.Құдайбердіұлы даңғылы мен А.Пушкин көшесі қиылысындағы саябақ.

Екіншісі – мың адам сыятын, аумағы 2 064 шаршы метрді құрайтын «Астаналық цирк» жанындағы алаң.

Үшіншісі – аумағы 1 695 шаршы метр болатын Жеңіс, Абай даңғылы, Т.Бигелдинов және Желтоқсан көшелері төртбұрышындағы жазғы алаң. Бұл жерге 500 адам еркін сыяды.

Шеру өткізуге арналған төртінші бағыттың ұзындығы – 2055 метр. Бағыт Абай даңғылы мен Сембинов көшелерінен, Жазушылар аллеясынан бастап, Құдайбердіұлы даңғылы мен А.Пушкин көшесіне дейін жалғасады. Шеруге мың адамға дейін қатыса алады.

## ■ АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

«Есіл» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы Көкшетау қаласының шеткі аудандарында үш коммуналдық базар салуды жоспарлап отыр. Аумағы 200 метр павильондар Абылай хан даңғылында және Көктем шағын ауданында орналасатын болады. Бұл сауда орындарында жергілікті кәсіпорындар шығарған әлеуметтік маңызды азық-түлік тауарлары тұрғындар үшін арзан бағамен сатылмақшы.

## ■ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

Өңірді мекендейтін киіктердің Еділ-Жайық популяциясы – Қазақстан бойынша ақбөкендер ең көп шоғырланған аймақтардың бірі. 2019 жылғы жүргізілген әуе санағы нәтижесінде Еділ-Жайық популяциясының саны 217 мың бас екені анықталды.

## ■ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

Талас ауданында 77 жобаны жүзеге асыруға 5,6 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінді. Соның бірі – «Wind Power City» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жел электр стансасы. Осы жоба аясында 1,8 миллиард теңгенің инвестициялары тартылды. Қазірдің өзінде мұнда жалпы қуаттылығы сағатына 9 МВт құрайтын жеті жел генераторы салынды. Нысан тамыздың басында жұмыс істей бастайды.

*Беттегі суреттер ғаламтордан алынды*

## ЖАҺАН ЖАҢАЛЫҚТАРЫ




### ІНДЕТ ЖҰҚТЫРҒАНДАР 7 МИЛЛИОННАН АСТЫ

**Әлемде коронавирусты жұқтырғандардың саны 7 миллионнан, қайтыс болғандар саны 400 мыңнан асты. 3 миллион 461 мың адам жазылып шыққан. Мамандар «дертті жұқтырғандар ресми деректен әлдеқайда көп болуы мүмкін» деп отыр.**

Дертке шалдыққандар бойынша АҚШ, Бразилия және Ресей көш бастап тұр. Құрама Штаттарда вирусты 2 миллионнан астам адам жұқтырып, 189 мыңнан аса науқас кез жұмса, Бразилияда 690 мың адам індетке шалдығып, 37 мыңнан аса науқас қайтыс болды. Ал Қазақстанда 12859 адам індет жұқтырып, 56 адам қайтыс болды.



### ДОПИНГ ДАУЫ ТАУСЫЛАР ЕМЕС

**Парижде Әлем жеңіл атлетикасы халықаралық ұйымының бұрынғы басшысы Ламин Диактың соты өтті. Ол Лондон олимпиадасы кезінде Ресей спортшыларының допинг дауын жасыру үшін 3.3 миллион доллардан астам пара алды деп айыпталып отыр.**

Прокурорлар Диакқа пара алды және берді, сенімді бұзды және ақшаның ізін жасыруды ұйымдастырды деген айыптар тағып отыр. Сот Диакты кінәлі деп тапса, он жылға дейін бас бостандығынан айыруы мүмкін. 87 жасқа толған Диак ешқандай қылмыс жасамадым деп отыр. Оның адвокаттары тағылған айыптардың негізі жоқ деді. Сот Франция астанасында 18 маусымға дейін жалғасады.



### МҰНАЙ ӨНДІРІСІН АЗАЙТАДЫ

**ОПЕК мүшелері және өзге де бірқатар өндірушілер 6 маусымда мұнай өндіруді рекордтық көлемде азайту туралы келісімді тағы бір айға ұзартуға уағдаласты.**

Сауд Арабия бастаған құрамында 13 мүшесі бар картель және өзге өндірушілер (олардың арасында Ресей мен Қазақстан да бар) шілде айында мұнай өндіру көлемін тәулігіне 9,6 млн баррельге дейін азайту туралы келісімге қол қойды. Сәуір айында ОПЕК және ОПЕК+ тобы мамырдан бастап маусымның соңына дейін мұнай өндіру көлемін тәулігіне 9,7 млн баррельге дейін азайтуға келіскен болатын. Нәтижесінде баррель мұнайдың бағасы 40 долларға көтерілді.

Қалиакбар **ҮСЕМХАНҰЛЫ**

№67 (4036) 9 маусым 2020 жыл
ASTANA AQSHAMY www.astana-akshamy.kz
@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo




**Егемен еліміздің, тәуелсіз мемлекетіміздің тарихындағы алтын әріппен жазылған ақжолтай оқиғаның бірегейі жаңа астанамыздың салынғаны болса керек. Бұл жоба, бұл көш ұлттың мерейін ұлықтады, халықтың рухын көтерді.**

Ғалым
ҚОЖАБЕКОВ

Уақыт – бәріне сыншы, уақыт – бәріне төреші. Осыдан 22 жыл бұрынғы күндерді еске алсақ, байырғы Ақмола бүгінгідей астана болады дегенге біріміз сеніп, біріміз күмән келтіргеніміз де айдай ақиқат еді. Алайда жыл санап тарих қатпарына айналып бара жатқан сол жылдар Қазақстан елі үшін, қазақ халқы үшін ғасырға татитын тарихи оқиғалармен өрнектелді.

Сонау 1994 жылдың 6 шілде күні Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Жоғарғы Кеңестің кезекті сессиясында мемлекет астанасын Арқа төсіне, атап айтқанда, Ақмола қаласына көшіру туралы ұсынысын ортаға салғанда, бұл ұсыныстың жүзеге асатынын дәл сол кезде көпшілік тереңінен ұғына қоймағаны сөзсіз. Дегенмен, Елбасының көрегендігі мен табандылығы ел мүддесімен үндесіп жатқанын түйсінгендер қатары көп кешікпей көбейе берді. Сөйтіп 1997 жылдың 10 желтоқсаны күні ақ түйенің қарны жарылғандай оқиғаға куә болдық. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың елдіктің келешегіне жасаған тарихи шешімі, яғни, мемлекеттің астанасын көшіру туралы бастамасы дәл осы күннен бастап ресми жағдайда жүзеге аса бастады. Алдымен Президент резиденциясын салу қолға алынды. Облыстық әкімдіктің ғимараты, бұрынғы Кеңестер үйі айналдырған алты айда қайта жарақтандырылып, Мемлекет басшысының жұмыс орнына айналып шыға келді. Ал оның жанындағы он тоғыз қабатты ғимарат Парламент үйі болып жасалып жатты. Есілдің сол жағалауында Үкімет, министрліктер үйлерінің де қазықтары қадалып жатты.

Ел үшін бір жағынан стратегиялық, бір жағынан ұлттық мүдделерді, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани жаңғыртуды жүзеге асыратын осы ғаламат жобаның авторы өзі болғандықтан, Нұрсұлтан Назарбаев жаңа астанаға бірінші болып өзі келген еді. Елбасының бұл қадамы пессимистердің күмәнін күлдей ұшырды.

Сөйтіп, белгіленген уақытта, яғни 1997 жылдың 10 желтоқсан күні, Сарыарқаның сарышұнақ аязы буып тұрған сәтте Мемлекеттік ту, Елтаңба эталондары, Президент штандарты жаңа елордаға әкелінді. Өз көзіммен көрген осы бір тарихи шараның әрбір сәті жадымда жатталып тұр. Орталық алаңға жиналып жатқан жұртшылық арасында еңкейген қариядан бастап, кішкентай балалар да жүрді. «Сарыарқа» күйінің күмбірлеп тұрғаны әлі есімнен шықпайды.

Бір сәтте Президент резиденциясынан Нұрсұлтан Назарбаев бастап Парламент және Үкімет мүшелері шықты. Жас мемлекетіміздің жасампаз басшылары мінберге көтерілгенде қалың жұрт қуана қол соғып, зор қошеметін білдірген. Елбасы осы бір тарихи сәттің үстінде елжіреп сөйледі. Осы сәттен бастап тәуелсіз Қазақстанның астанасы ресми түрде Ақмола қаласы болатынын жария етті. Осылайша қала тұрғындары үшін ғана емес, барша қазақстандықтар үшін тарихтың жаңа беті ашылды. Ұлт рухын сілкіндірген ұлы көш басталды.

Екі ғасырдың тоғысында орын алған қиындықтарға қарамастан мемлекеттің жаңа астанасын айқындаған Қазақстанға сол кезде бүкіл әлем қауымдастығы түрлі көзқараспен қарағаны да жасырын емес. Бірақ жас мемлекеттің кемел келешегі, ұлттың баянды болашағы үшін осындай қадам жасауға бекінген Нұрсұлтан Назарбаев алған бағытынан айнымады. Тәуекелге бел буып, жаңа астананы, жас қаланы салуға бел шешіп кірісіп кетті.

Осылайша, 300-ге жетер-жетпес тұрғыны бар Ақмолаға ел ағылды, жұрт жиналды. Әсіресе, жастар жағы жаңа астанаға қарқындап келе бастады. Дәл бүгінгі таңда елорда тұрғындары 1 миллион 200 мың адамға жетіп отыр. Қаланың аумағы бұрын 300 мың шаршы метр жерді алып жатса, бүгінде бұл көрсеткіш үш есеге дейін ұлғайған. Бір ғана мысал айтсақ, бұрынғы қалада жылына шамамен 4 мыңға жуық сәби дүниеге келетін болса, қазіргі кезде 25 мың астаналықтың кіндігі кесіледі екен. Қазір бұл қалада 100-ге жуық мемлекеттік балабақша, 237 жеке балабақша бар.

«Қала деген – қамалдар емес, адамдар» дегендей, Елбасы мемлекет басшысы ретінде бұл қаланың қарқынды дамитынын алдын ала болжап, алғашқы құрылыстардың басында өзі болып, әрбір салынатын жаңа нысанның архитектуралық-жобалық жұмыстарына назар аударды. Түсіне білсек, қала салу деген тәуекелді қарекет, бұл – жүздеген, миллиондаған адамның келешегіне өзгеріс әкелетін үлкен құбылыс. Осы орайда сәулет өнерінде аты аңызға айналған архитектор Зураб Церетели «...Ресейде батпақ ішінде Санкт-Петербургті орнатқан 1-ші Петр болды, ал Қазақстанның құба дүз даласына жаңа қала салған Назарбаев. Көру бар да, көрсету бар. Түсіну бар да, көз жеткізу бар. Жаңа астананың орнын, бедер-белгісін таңдаған кезде қасында болған едім, өз елінің мәдениетін, өнерін, үрдісін жаңа ғасырға бағыттаған ірі тұлғалар осындай-ақ болар деп, тәубаладым» деген сөзі осындайда ойға келеді. Шын мәнінде Нұрсұлтан Назарбаев үлкен тәуекелге барғаны сөзсіз еді. Өйткені 90-шы жылдары астана салмақ емес, бұрынғы одақтас елдердің көпшілігінде «ұлы күйреуден» кейін елдің әлеуметтік тұрмыс-тіршілігін тұрақтандырудың өзі оңайға соқпай жатқан кезі болатын. Алайда қазақ көшбасшысы алған бетінен қайтпады, тек келешекке көз тікті. Қазақ елінің жаңа астанасын салуға дүниежүзінің назарын аудартты. Қолда барды мүмкіндігінше пайдалана отырып, шетел инвесторларын да қызықтырып тарта білді.

Деректер мен дәйектерді сөйлетсек, астана салына бастаған алғашқы бес жыл ішінде қала экономикасына салынған инвестицияның көлемі 2,5 миллиард АҚШ долларын құрады. Әрине, мұның басым бөлігі құрылыс саласына жұмсалды. Отандық және шетелдік инвестицияның көрсеткіші жыл өткен сайын көбейіп, соның нәтижесінде мыңдаған адамдарға жаңа үйлер салынып, қаланың инфрақұрылымдары заман талабына қарай жаңғырды, жаңарды. Әлемдік сәулет өнерінің үздік үлгілерімен үкіленген зәулім ғимараттар бірінен соң бірі бой көтеріп жатты. «Ақорда», Парламент және Үкімет үйі, Тәуелсіздік сарайы, «Бәйтерек» монумент-кешені, «Қазақ елі» алаңы, «Бейбітшілік және келісім» сарайы, «Астаналық Цирк», «Қазақстан» концерт залы, «Астана Опера» театры, Әзірет Сұлтан, «Нұр Астана» мешіттері, «Астана Арена», «Сарыарқа», «Алау», «Барыс Арена» спорт кешендері, «Хан Шатыр», «Керуен», «Mega Silk Way» сауда-ойын-сауық орталықтары, «Абу Даби Плаза», «Астана ЭКСПО» секілді нысандар бүгінде елордамыздың сәулеті мен дәулетін айшықтап тұр.

Иә, бүгінгі Нұр-Сұлтан бар қазақтың бас қаласы ғана болып қоймай, Орталық Азиядағы саяси-экономикалық, мәдени-рухани тұрғыдан стратегиялық орталыққа да айналып отыр. Елордамызда Елбасымыздың бастамасымен әлемнің маңдайалды саясаткерлері мен кәсіпкерлері, ғалымдары мен өнер қайраткерлерінің қатысуымен өткен форумдар халықаралық қоғамдастықтың жоғары бағасын алғанын талай жаздық.

Құдайға шүкір, кезінде біреуге жалған болған, біреуге арман болған Астана бүгінгі таңда халықаралық қауымдастық таныған, мойындаған қалаға айналды. Елбасымыздың асқақ мақсаты орындалды. Астанамыз жыл өткен сайын сәулеті мен дәулеті өркендеп, барша қазақстандықтардың бас ордасына айналды. Астаналықтар саны миллионнан асып жығылды. Сондықтан да біз бүгін Қазақстанның дамуына серпін берген жаңа елордамыздың авторына ризашылық сезіммен «Астана – Елбасының ерлігі» деп айтамыз. Елорда мен Елбасы егіз ұғымға айналды. Ел үшін де, Елбасы үшін де, елорда үшін де марқайып жүретін болдық.

Олай болса, арман қала, байтақ қала, асқақтай бер демекпіз. Ұлы дала ұлтының тарихына «Елорда салған – ер қазақ» болып жазылған Нұрсұлтан Әбішұлы мен еліміздің жүрегіне айналған елордамыздың мерейлері үстем бола бергей! Елбасы бір сөзінде «Жаңа астана – ежелгі қазақ жерінің төрі» деген еді. Олай болса, біз жаңа астананың тұрғыны ретінде бұл тарихи оқиға үшін мақтануымыз керек. Жай мақтанып қана қоймай, астаналық деген абыройлы атаққа сай болғанымыз абзал. Астаналық менталитетімізді қалыптастырғанымыз жөн. Туған қаламның төл мерекесі – елорда күні жақындаған сайын осындай көңіл-күйге бөленемін.



# ЖАЙЛЫ ЖОЛ – ДАМУДЫҢ КӨРІНІСІ

## ҚАЛА ІШІ ҒАНА ЕМЕС, ШЕТКІ АЙМАҚТАР ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ДА ЖАҚСАРЫП КЕЛЕДІ

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

### ТҰРҒЫН АЛАПТАРДА 100 КӨШЕ ЖӨНДЕЛЕДІ

Қалалық Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының басшысы Нұрлан Солтамбековтің айтуынша, бас қалада жыл сайын жөнделетін жолдар 5-10 шақырымға көбейіп жатыр. Ал биылғы жол жөндеу жұмыстары сәуір айының екінші жартысында басталып, мамыр айы туа тұрғын үй алаптардың ішіндегі көшелерге ауысты.

Осы уақытқа дейін бұл бағытта біршама жұмыс еңсеріліп, 15 орталық көшедегі жөндеу жұмыстары аяқталды. Атап айтқанда, Шұғыла, Бұқарбай батыр, Асан Қайғы, Кенесары, Мәскеу, Таха Хусейн, С.Торайғыров, Нұрлыжол көшелері мен М.Мақатаев көшесінің жалғасы, Абай, Жеңіс Тұран даңғылдары, «Нұржол» желекжолы, «Тұлпар» көпірінің астындағы айналма жол, Bi Village, Family Village коттедж қалашығына апаратын жол жөнделіп бітті.

Қазіргі кезде 30 көшеде және тұрғын алаптарда жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Бұл қатарда Қ.Сәтбаев, Конституция көшелері мен қаланың шет жағындағы Марқакөл, Нұрлы, Орхон, Қапал, М.Төлебаев, Қырыққыз, Қамажай, Ақбидай, Кеңшалғын, Ақпан, Басықара батыр көшелері және Қарасаз, Шырайлы, Маралсай, Желдірме, Қоғалы тұйық көшелері бар.

Өткен жылы барлық тұрғын алапта 17 көшенің жолы ғана жөнделген. Ал биыл оларды саны 100-ге жетіп отыр. Жалпы алғанда, «Өндіріс» тұрғын алабында – 16 көше, «Кирпичныйда» – 12 көше, «Агроқалашықта» – 21 көше, «Көктал-1-де» – 12 көше, «Промышленныйда» – 8 көше, «Оңтүстік-Шығыста» – 18 көше, «Ақбұлақта» – 7 көше, «Пригородныйда» – 4 көше, «Заречныйда» 2 көше жөнделеді.

– Жол саласында жұмыс істеп жатқаныма 13 жыл болды. Қазір елорданың басты көшелерінің бірін жөндеп жатырмыз. Жұмысымды ауыстырғым келмейді. Қала тұрғындарына жайлы жағдай жасаған ұнайды. Жақында Мәңгілік ел көшесінен Қабанбай батыр даңғылына дейінгі аумақты жөндеп бітірдік, – дейді учаске шебері Дмитрий Кушакеев.

### АЛТЫ ЖЫЛ БОЙЫ АСФАЛЬТ ТӨСЕЛМЕГЕН

Қала тұрғындары да үйлерінің аумағындағы жолдардың жөнделіп жатқанына риза. Кейбір көшелерде, әсіресе тұрғын алаптарда жылдап жөндеу көрмеген көшелер бар екен. Биыл соның реті туғанына тұрғындар қуанып жатыр.

– Жақында біздің Қарасаз көшесіне асфальт төселді. Бұл талай жылғы арманымыз еді. Өркениет бізге де жетті деп қуанышымыз басылар емес. Кейбір көршілерім мұнда 20 жылдан бері тұрады. Бізге асфальт төседі. Ол біздің бұрыннан бергі арманымыз еді. Асфальт төселгенде барлық тұрғындар жиналып, үстінен жүріп өттік, – дейді Оңтүстік-Шығыс тұрғын алабының тұрғыны Лаура Сұлтанбекова

– Біздің үйіміз 2014 жылы бой көтерді. Үй аумағына содан бері жол салынбады. Асфальтты көргенімізге бүкіл үй болып қуанып жатырмыз. Енді өзімізге де, балаларымызға да жүріп-тұруға ыңғайлы болды, – дейді Нұрлы тұйық көшесіндегі №2 үйдің тұрғыны Анастасия Халиуллина.

### ЖОЛ ЖӨНДЕУГЕ 1,5 МЫҢ АДАМ ТАРТЫЛАДЫ

Тұрғын алаптарда жөнделетін көшелердің жалпы ұзындығы – 42 шақырым. Ал қаланың орталық көшелерінің еншісінде – 59 шақырым. Бұл жұмыстарға 13 млрд теңге бөлінді. Бұған қоса, биыл 10 жаңа көшенің жолдар құрылысын аяқтау жоспарланып отыр. Бұған 24 млрд теңге қарастырылған.

**2019-2021 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес биыл шеткі аймақтарға 9,8 млрд теңге бөлініп отыр. Бұл қаржыға «Көктал» тұрғын алабында жылу магистралі құрылысын аяқтап, жеті тұрғын үй кешенін жылу жүйесіне қосу, «Тельман» тұрғын алабында тазарту құрылғыларын салу, «Пригородный» тұрғын алабында 100 отбасыға арналған қолжетімді баспана құрылысын жүргізу жоспарланған**

Бұл науқан арқылы қала жолдары жаңарып қана қоймай, адамдар жұмысқа орналаса алады. Мәселен, «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы бойынша шаһарда 105 жоба жүзеге асырылады. Соның аясында 15 мың жұмыс орны ашылады. Ал жол жөндеу жұмыстарына 1,5 мың адам жаңадан тартылады. Олар Жұмыспен қамту орталығы арқылы орналастырылады.

### КӨЛІК КЕПТЕЛІСІ КЕМИДІ

Сондай-ақ биыл Қабанбай батыр даңғылын 8 жолаққа дейін кеңейту, Қорғалжын тас жолы, Қабанбай батыр және Тұран даңғылдары қиылысында жолайрық салу жұмыстары басталады. Ұлы Дала даңғылы бойымен Есіл өзені мен Нұра-Есіл арнасы арқылы өтетін қос көпір құрылысы аяқталады. Бұл жобаларды жүзеге асыру қаланың көлік логистикасын әжептәуір жақсартып, жолдардағы кептелістерді азайтады.

Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының болжамынша, осыдан кейін Мәңгілік ел даңғылы бойымен жүретін көліктердің 50 пайызы №27 көше мен Тәуелсіздік даңғылына өтеді. Есіл өзені үстіне салынатын көпір оң мен сол жағалау байланысын күшейтеді. Яғни, көлік иелеріне баламалы жол ұсынады.

Атап айтқанда, бұл жұмыстар жаңадан салынып жатқан нысандарға қолжетімділікті арттырып, Мәңгілік ел, Қабанбай батыр, Б.Момышұлы даңғылдары және Сығанақ, Сарайшық көшелері секілді қаланың басты магистральдарына түсетін жүктемені азайтады. Көлік иелерінің жолдағы уақыты қысқарған соң, олардың шығындары да азаяды.

Қазіргі кезде қалада жүзеге асырылып жатқан ірі жобалардың бірі – кіші айналма жол құрылысы. Бұл жоба толығымен аяқталған соң да, орталық көшелермен жүретін көліктер саны азаяды. Яғни, елорда арқылы басқа өңірлерге бара жатқан көліктер қалаға кірмей, сыртымен айналып өтетін болады. Сондай-ақ кіші айналма жолы қала аумақтарын қосып, көлік байланысын кеңейтеді.

Реті келгенде айта кетейік, өткен жылы кіші айналма жол құрылысы және жолдар мен инженерлік желілерді қайтадан құруға 24,3 млрд теңге бөлінді. Соған сәйкес 69 көшеде жалпы ұзындығы 51,5 шақырымды құрайтын жолдар салынып, жөнделді. Соның ішінде тұрғын алаптарындағы 39 көше (24,3 км) кірген болатын. Ал 16 көшеде (15,9 км) орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Екінші Алматы көшесі бойынша Сарыбұлақ өзені аумағындағы көпір арқылы жол ашылды.

Бүгіндері бағдаршамдарды жол қозғалысын басқарудың интеллектуалды жүйесіне (ITS) қосу жұмыстары жалғасып жатыр. Соның арқасында көліктер ағыны жылдамдығын 18 пайызға, көліктердің өту қабілетін 40 пайызға көтеруге, жол жүрудің орташа уақытын 20 пайызға азайтуға мүмкіндік туды. Жобаны жүзеге асырудың бірінші кезеңінде бұл жүйеге 42 бағдаршам қосылды. Екінші кезеңде тағы 54 бағдаршам қосылмақ. Қазіргі кезде қалада 151 «ақылды» бағдаршам бар.

### ШЕТКІ АЙМАҚТАРДАҒЫ ИГІ ІСТЕР

Сөзіміздің басында айтқанымыздай, биыл тұрғын алаптардың дамуына ерекше көңіл бөлініп отыр. Астана құрылысының кешенді жоспары аясында тұрғын алаптарды дамытудың 2019-2021 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес биыл шеткі аймақтарға 9,8 млрд теңге бөлініп отыр. Бұл қаржыға «Көктал» тұрғын алабында жылу магистралі құрылысын аяқтап, жеті тұрғын үй кешенін жылу жүйесіне қосу, «Тельман» тұрғын алабында тазарту құрылғыларын салу, «Пригородный» тұрғын алабында 100 отбасыға арналған қолжетімді баспана құрылысын жүргізу жоспарланған. Сонымен қатар аталмыш жобаға «Ильинка» тұрғын алабында 7 шақырым кәріз жүйесін тартып, 10 кәріз-сорғы стансасы мен 1 шақырым кәріз коллекторларын салу кірген.

«Өндіріс», «Көктал-2», «Ильинка» және «Железнодорожный» тұрғын алаптарында ауысымына 260 келуге арналған төрт спорт кешен де салынады. Үш кешен бойынша тиісті құрылыс жұмыстары басталды, төртіншісіне қатысты конкурстық шаралар аяқталып қалды. Бұған қоса, «Железнодорожный» мен «Өндіріс» тұрғын алаптарында екі орта мектеп бой көтереді.

**Тұрғын алаптарда жөнделетін көшелердің жалпы ұзындығы – 42 шақырым. Ал қаланың орталық көшелерінің еншісінде – 59 шақырым. Бұл жұмыстарға 13 млрд теңге бөлінді. Бұған қоса, биыл 10 жаңа көшенің жолдар құрылысын аяқтау жоспарланып отыр. Бұған 24 млрд теңге қарастырылған**

# ЖАҢҒЫРҒАН САРАЙДЫҢ ЖАҢАЛЫҒЫ

**Былтыр елорданың Сарыарқа ауданында табысты жүзеге асырылған «Бюджетке қатысу» жобасы қайтадан қолға алынды. Жақында ашық дауыс беру қорытындысы бойынша аталмыш ауданда биыл абаттандырылатын 13 аула анықталды.**

Аманғали **ҚАЛЖАНОВ**






Аудан әкімдігінің мамандары мен мердігерлік ұйым өкілдері карантин жағдайында барлық санитарлық нормаларды сақтай отырып, осы аулалардың тұрғындарымен кездесуді бастады. Осындай кездесулер Ә.Жангелдин, 3, К.Байсейітова, 122 көшелері және Абай даңғылы, 8 мекенжайларында ұйымдастырылды. Соның барысында аулаларда бой көтеретін балалар алаңдарының жобалары таныстырылып, талқыланды. Бір атап өтерлігі, осы жылы «Бюджетке қатысу» жобасын бас қаланың бүкіл аудандарында жүзеге асыру жоспарланып отыр.

Сарыарқа ауданының әкімдігі «Астана бас жоспары» ғылыми-зерттеу институтымен бірге бірқатар орамдарды дамыту мен абаттандыру жобаларын да әзірледі. Бұл Ш.Бейсекова мен Ш.Қосшығұлұлы көшелерінен басталып, Есіл өзені арнасына дейін созылатын орам және Ш.Қосшығұлұлы көшесін, Бөгенбай батыр даңғылын қосатын аумақ. Аталған жобалар тұрғындар талқылауына шығарылды.

Айта кетерлігі, аталмыш жоба бірнеше жылға есептелген және кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. Негізгі мақсат – аталған аумақтарда тұрғындарға қажет нысандар мен қызмет көрсету орындарын орналастыру. Бірінші кезекте білім беру мекемелері, емханалар, бос уақытты өткізу орталықтары, қоғамдық кеңістіктер мен сауда орындары жақын маңда болуы керек. Балалардың қауіпсіздігі де ерекше назарға алынған. Яғни, көлік ағыны қатты жалпықалалық магистральдар ол жерлерден өтпеуі тиіс.

Алғашқы кезеңде әр орамда орналасатын нысандар мен қызмет көрсету орындары жайлы бастапқы деректер жиналады. Екінші кезеңде жоспарлау секторындағы тұрғындар саны ескеріліп, қолданыстағы және алда ашылатын нысандардың нормативтік қажеттіліктері анықталады. Үшінші кезеңде әр секторда орналасатын нысандар мен қызмет көрсету орындары нақты қайда орналасатыны белгіленеді.

Қазіргі кезде Алматы ауданы аумағындағы «Толқын» және «Қазақстан» спорт кешендерін күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. Жақында «Президенттік», «Триатлон» және Есіл өзені жағалауындағы саябақтарды біріктіру басталмақ. Бұл жаяу жүргіншілер алаңын, жүгіруге және велосипедтерге арналған арнайы жолақтарды салу жолымен жүзеге асырылады. Саябақтардың жарықтандырылуы мен оларда арнайы спорт құралдарының болуы да есепке алынған.

Бүгіндері «Жастар» сарайын жаңғырту жұмысы да жүргізіліп жатыр. Нұр-Сұлтан қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Дәулет Кәрібектің айтуынша, жөндеу жұмыстары осы жылдың желтоқсан айында аяқталып, жаңарған нысан есігін айқара ашуы тиіс. Қазір онда концерттік зал, кітапхана, спортзал және бассейн бар. Жаңғыртылған соң нысанда жаңа коворкинг орталығы ашылады. Орталықта балалар мен жастарға арналған үйірмелер, семинарлар, тренингтер, мәдени және спорттық шаралар ұйымдастырылады.



# ЖАЗДЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

**Өткен сенбіде Есіл ауданындағы ХҚКО алдында ауылшаруашылық жәрмеңкесі ашылды. Бұл жәрмеңке осыдан қара күзге дейін халыққа қызмет ететін болады. Есіл ауданы әкімінің орынбасары Дарменияр Қыдырбекұлы ауыл шаруашылығы жәрмеңкесінде негізінен жергілікті өндірушілердің, Ақмола облысына қарасты Зеренді, Шортанды сияқты жақын аудандардағы кәсіпкерлердің өнімдері сатылатынын айтты.**

Жадыра **ШАМҰРАТОВА**

«Бұл жәрмеңкенің ерекшелігі неде, осы маңдағы дүкендер мен дүңгіршектерден артықшылығы бар ма, жалпы әкімдік мұндай жәрмеңкелерді ұйымдастыруда нені мақсат етеді?» деген сұрағымызға Есіл ауданы әкімінің орынбасары Дарменияр Қыдырбекұлы: «Пандемия кезінде азық-түлік тапшылығы болмасын деген арнайы мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, Мемлекет басшысы әкімдерге барлық аудандарда жәрмеңке ашу туралы тапсырма берген еді. Нұр-Сұлтан қаласы кәсіпкерлік басқармасы мен Есіл ауданы әкімшілігі ашқан жәрмеңкеге кәсіпкерлер қала аумағындағы жылыжайларда өздері өсірген өнімдерін әкеледі. Сапасы да халықтың көңілінен шығады деген ойдамыз, өйткені өнімді сатар алдында міндетті түрде санитарлық-эпидемиологиялық қызмет тексереді. Бұл – табиғи таза өнім, сонымен бірге бағасы да қолжетімді болмақ. Біз осылайша елорданың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлерге өз өнімдерін делдалсыз сатуға мүмкіндік жасаймыз. Осы мақсатта Шортанды, Целиноград және Қорғалжын аудандарынан ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді тарту бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Өзіңіз де көріп тұрсыз, бұл жердегі баға нарықтағы бағадан төмендеу, мысалы, жұмыртқаны 10 данасын 200 теңгеден сатып жатыр, шие 1500 теңгеден, табиғи таза, қоспасыз сүт өнімдерінің және «Астана өнімнің» бағасы да көңілге қонымды. Тиісті орындар қажетті әлеуметтік маңызды тауарлардың бағасын ұстап тұру бойынша бақылау жүргізетін болады» деп жауап берді.

«Нұр-Көмек» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің өкілі Айтуған Күзербаевтың айтуынша, жәрмеңкені ұйымдастыруда «Нұр-Көмек» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің де үлесі зор. Олар жақын маңдағы мүгедектер мен зейнеткерлерге, көпбалалы ата-аналарға әр демалыс күндері азық-түліктен көмектесуді міндеттеріне алған. Осындай көмек алған Бибіжамал Қозыбаева, Клара Татежанова, Бәтима Хасенова есімді бірнеше зейнеткер үйдің қасынан жәрмеңке ашқаны үшін әкімдікке, сонымен бірге азық-түліктен көмек жасауды мойындарына алған ұйымдастырушыларға алғыстарын жеткізді.

# БОС ЖАТҚАН ЖЕР ГҮЛЗАРҒА АЙНАЛАДЫ

**Нұр-Сұлтанның барлық аудандарында аулалар мен аулаішілік аумақтарда абаттандыру жүріп жатыр. Апаттық жағдайдағы күрелген үйдің 10 жыл бойы бос жатқан орнына жаңа гүлзар салынып, аула алаңы абаттандырылуда.**

Апаттық жағдайдағы үйдің орнында (Есенберлин көшесі, 36 үй) қазір жақын маңайдағы үйлердің тұрғындарына арнап жаңа аула салынуда. Алаң бірнеше аймаққа бөлінген: балаларға арналған ойын алаңы, мини-футбол пен баскетбол үшін спорт алаңы, жаттығу құралдары бар спорт алаңы, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін және серуендейтін жер. Бұған қоса жобада көлік тұрағы да ескерілген.

Сондай-ақ бұған дейін Жеңіс даңғылының тұрғындары (Жангелдин көшесінің қиылысы) балалар алаңы жоғын айтып, аумақты абаттандыру туралы мәселе көтерген болатын, қазір онда аула мен көлік тұрағы салынуда. 10 жылдан бері бос жатқан жерде (Сарыарқа даңғылы, 23) жуырда жаңа гүлзар пайда болады. «Аулаішілік аумақтар, балалар алаңы мен гүлзарларды біз осы ауданда тұратын тұрғындар үшін, үлкендердің демалатын, ал балалардың ойнайтын жері болуы үшін жасап жатырмыз. Аулаларды халықтың пікірін ескере отырып абаттандыру керек. Ол үшін биыл қаланың барлық ауданында «Бюджетке қатысу» бағдарламасы іске қосылды. Тұрғындар қай ауланы абаттандырып, балалар алаңына не орнату керек екенін өздері шешеді. Алайда тұрғындар өз аулаларын күтіп ұстау қажетін түсінуі тиіс. Көгалдандыру мәселесіне ерекше көңіл бөлеміз» деді елорда әкімі Алтай Көлгінов.

Айта кетейік, биыл 30 мың ағаш отырғызылып, 150-ге жуық аула мен 50 шақты саябақ пен гүлзар абаттандырылады.



# ДИДАҒАНЫҢ ДИДАРЫ



**Бала күнімнен кітаппен сырлас, дос болғандықтан, оны жазған ақын-жазушыларды ерекше пір тұтып, оларды жай жұмыр басты пенде емес, басқа ғажайып әлемнен жаратылған жандар деп ойлаушы едім. Төртінші сыныпта жүргенде белгілі жазушы, марқұм Қоғабай Сәрсекеев елу жасқа толып, мерейтойын туған жерінде жерлестерімен бірге атап өтті. Соған ұстазымыз бізді де алып барды. Ауылдағы биік ғимарат саналатын клубта өткен сол кездесу көңілімде әлі сайрап тұр. Кеш өте қызықты болды. Онда мерейтой иесімен еріп келген екі-үш досы өлең оқып, салиқалы сөз сөйледі. Одан кейін сахнаға Қоғабай ағаның өзі көтеріліп, сый-құрмет көрсеткен ауылдастарына алғысын айтып, баспадан енді шыққан кітабын сыйлады. Сонда алғаш кітап деген құдіретті дүниені тудырған тірі ақын-жазушыны көріп аузым ашылып қалды. Олар да біз секілді кәдімгі қарапайым адам екен деп ойладым. Сөйтіп, менде де қаламгер болсам деген арман бүршік жарып, өлең жазып, «сөз дертімен» ауыра бастадым. Кейін мектеп бітіріп, жоғары оқу орнына түстік. Азды-көпті әдебиеттің маңайында жүрген қаламгерлермен таныс болдық. Бірақ солардың ішінде жаныма жақын көріп, ағалы-інілідей ұғынысып, сыйласқан жазушым – Дидахмет Әшімханұлы. Биыл талантты тұлғаның туғанына жетпіс жыл толып отыр. Осыдан бес жыл бұрын дүниеден озған ардақты ағаны есіме алсам, өткен күндер елесі көз алдыма келеді.**

Азамат
ЕСЕНЖОЛ

Дидахмет аға 1999 жылдың ақпан айында Алматыдан қазіргі «Астана ақшамы» газетіне бас редактордың бірінші орынбасары болып келді. Мен онда студент едім, ара-тұра осы газетте жазғандарым жарық көріп тұрады. Бірде редакцияға бір топ өлеңімді алып келсем, мәдениет бөлімінің меңгерушісі Бекен аға бас-көз жоқ, қолымнан жетектеп, жаңа келген басшының кабинетіне кіргізіп жіберді. Дидахмет аға ақ параққа үңіліп, ойланып отыр екен. Есікті қақпай кіргеніме ыңғайсызданып, қысылып қалдым. Соны сезді ме: «Айналайын, кел, кел, отыр» деп жылышырай білдіріп, қасындағы бос орындықты нұсқады. Сосын менің қай жерден, кайда оқитынымды сұрады. Сол жерде екі-үш өлеңімді оқытты. «Жақсы екен» деді де: «Азамат, әдебиетке келген адам өз топырағынан алыстамаған жөн. Саған Сырбай, Ғафу, Кеңшіліктің табиғаты жақын, соларды көбірек оқы» деп ақылын айтты. Сол жылдары жас ақындар арасында Жұматай Жақыпбаевтың өлеңдері «модный» болды да, соны жастанып оқып жүргем. Дидаған соны байқаған болуы керек. Содан соң суырмасынан су жаңа «Жер аңсаған Сарыатан» деген прозалық жинағын алып, қолтаңба жазып берді. Кетерімде «Жиірек хабарласып тұр» деп өлеңдерімді алып қалды. Көп ұзамай газетте жазушының алғысөзімен бір топ өлеңім басылды. Дидағамен таныстығым осылай басталып, арамызда бір жылылық пайда болды. Ара-тұра редакцияға барғанда сәлем беріп, әңгімесін тыңдап жүрдім. Кеңшілік Мырзабековтің поэзиясын жақсы көріп, ақынның көп өлеңдерін жатқа айтушы еді. «Кеңшілік – шалт қимылды, билеп жүретін адам. Өлеңдерінде ешқандай жасандылық жоқ, шынайы ақын» деп жоғары бағалайтын.

Жалпы, Дидахмет ағаның бойында бір бекзаттық бар еді. Таулы өңірде туғандықтан ба, асқақ тауды айрықша ұнататын. Әсіресе, кіндік қаны тамған Алтайды аузынан тастамайды. Бірде ол маған: «Мен тауда өскен адаммын. Шынымды айтсам, астанада тау жоқ, жан-жағы тұттай жалаңаш. Біртүрлі жатырқаймын» деп жаны жүдеп жүрді. Даланың баласы болғандықтан мен оны соншалықты сезінген жоқпын. Бірақ ол кісі астаналық басылымда 3-4 ай ғана істеп, Алатаудың етегіндегі әсем қалаға қайтадан тартып отырды. Бұл да болмысы еркін жазушыға жарасатын мінез. Басқамыз олай істей алмайтын секілдіміз. Алматыға кетіп бара жатқанда ол кісіні редакция журналистері салтанатпен шығарып салды. Сол отырыста маған сары түсті әдемі галстугі мен Асқар Сүлейменов туралы «Парасат падишасы» атты естеліктер жинағын сыйлап, «Асқарға ептеп мұрның келеді екен» деп әзілдеді.

Содан бері де арада жөңкіліп біраз жылдар өтті. Сонда да ол кісімен өмірден өткенше байланысым үзілген жоқ. Ара-тұра телефонмен сөйлесіп, астанаға келгенде кездесіп жүрдік. Қаламгердің «Бәкең» деген әңгімесіндегі бір кейіпкерінің: «Адамдарды ел мен жер, ру мен жүз, ағайын-туыстық табыстырмайды, ең алдымен оларды мінез сәйкестігі, сосын мақсат-бірлігі қосады» деп айтатыны бар. Дидағамен мені осындай рухани жақындық табыстырды деп ойлаймын.

**«Егер сіз болмағанда бір айда бір қазақ кітабын сатып алсаңыз – ұлт алдындағы бір парыздан құтылғаныңыз;
егер сіз келесі жылдың болмағанда бір баспасөзіне жазылсаңыз – ұлттық намысыңыздың сәл де болса оянғаны;
егер сіз өз тіліңіздегі сол кітап пен баспасөзді ыждағатпен оқып отырсаңыз – күн сайын рухыңыздың өсе түскені;
егер сіз оқығаныңызды насихаттай жүрсеңіз – онда ұлттық санаңыздың самғау биікке ұмтылғаны. Қысқасы, саны аз халықтың саналы азаматтары, бізге қазір ақыл да, намыс та, ерлік те, бәрі-бәрі керек»**

Әшімханұлы – әдебиет есігін ашқаннан өз жолы мен қолтаңбасын бірден даралаған қаламгер. Оның шығармаларында бір топырақта туған ағалары – Қалихан Ысқақ пен Оралхан Бөкей туындыларымен табиғи үндестік болғанмен, оларға жазу мәнері мүлде ұқсамайды. Талғампаз суреткер қаламды мығым ұстап, тартынып жазады. Оралхан секілді ағыл-тегіл ақтарылмайды. Әрбір әңгімесінде артық сөз, бөгде кейіпкер жоқ, образды, бояуды, детальді өз мөлшерімен дәл қолданады. Белгілі ғалым Түрсын Жұртбай «Тұспалды тұлға» деген мақаласында: «Дидахметтің өмірлік-өнерлік мақсатына адалдығының арқасында ол өзінің көркем жүйесін толық қалыптастырып, тіршілігінің мағынасын – өнерінен, өнерінің мағынасын тіршілігінен табатын тұтастыққа жетіпті» деп айтқаны оның болмысы мен шығармашылығы тұтасып кеткендігін көрсетеді.

Жазушының қаламынан туған шоқтығы биік «Аққабаның толқыны», «Жұлдызды белбеу», «Тон», «Сары самауыр», «Тасқала», «Ағайындар», «Жолдас генерал», «Медаль», «Тас монша», «Ақ ниет», «Бәкең», «Дәме» деген әңгімелерін қазақ әдебиетінің қазынасына қосылған көркем дүниелер деп бағалаймын. Бұлардың бәрі тар құрсаулы кеңестік дәуірде жазылса да, ешқашан мән мен мазмұнын жоғалтпайды. Қаламгер сол заманда ұлттың тілінен, дінінен, салт-дәстүрінен ажырап бара жатқандығына жаны ауырып, соны бейнелі тілмен астарлап жеткізе білген. Мәселен, өзім классика деп бағалайтын «Сары самауыр» атты әңгімеде ауылдағы апасының бауырында өскен құйтақандай Айжанның көзқарасы арқылы халқымыздың салт-дәстүрінен алыстап бара жатқандығын шынайы бедерлесе, «Тасқалада» ауылдан қалаға қыдырып келіп, адасып кеткен баланың бір ауыз қазақша жөн сұрасар адам таба алмай сарсылған бейнесін шебер суреттейді. «Ағайындар» деген әңгімеде бірге туған бауырлар арасындағы қайырымсыздықты сөз етсе, «Медальда» демография мәселесін көркемдеген. Ал «Тон» деген әңгімеде кеңестік әкімшіл-әміршілдікті ашына ашып жазған. Осы ретте автордың «Самырсыз сазы» атты кітабындағы оқырманмен сырласуында: «Ұлтты ұлт ретінде ұстап тұратын төрт қазық бар: тілі, жері, саны, салт-дәстүрі. Бұлар – қай ұлтқа болмасын аса қымбат та қастерлі дүние. Дегенмен қазақ үшін жөні тіптен бөлек. Неге екені белгілі. Ал осы төрт қасиетіміздің қай-қайсысына болмасын, басқа кезенді былай қойғанда, соңғы ширек ғасырда ғана қаншама рет қауіп төнгенін ұлтым деген ұрпақтың бәрі біледі. Сондай сын сағаттарда кез келген арлы азамат үнсіз, қимылсыз қалуға тиіс емес-ті. Біз де үнсіз қала алмадық. Уақыттың психологиялық көрінісін көркем тілмен, ойлантарлық оқиғамен, астарлы емеуірінмен жеткізуді де парыз деп білдік» деп ағынан жарылыпты.

Дидағаның «Он бірінші күз» және «Жер аңсаған Сарыатан» деген екі көлемді хикаятын да қызығып оқисыз. Мұнда да оның ә дегеннен еліктіріп әкетер ырғақты көркем тілі, айшықты қолтаңбасы шебер өрілген. Жазушы өмірінің соңғы жылдарында «Ақшоқы», «Құдайсыздар», «Жынды жел» деген біріне-бірі өтетін шұрайлы үш әңгіме жазды. Оны әдебиет сыншылары мен оқырмандар жоғары бағалады. Осы үш туынды қаламгер қаламының соны ізденісін көрсетті. Сондай-ақ сыршыл суреткер аударма саласында да өнімді еңбек етіп, әлем әдебиетінің классиктері Джек Лондон мен Джон Голсуорсидің шығармаларын тәржімалап, қазақ көркем сөз өнерін байытты. Бұл жазушылардың туындылары оған қанат бітіріп, шеберлігін шыңдағаны да анық.

Оның көркем дүниелерінде ғана емес, публицистикалық мақалаларында ұлттық рух, елдік мұрат айқын аңғарылып тұрды. Ұзақ жылдар республикалық «Қазақ әдебиеті», «Түркістан» газеттерінде еңбек етіп, қазақ журналистикасының дамуына үлес қосты. Өткен ғасырдың сексенінші жылдары Дидағаның «Қазақ әдебиетінде» жарияланған «Жалғыз ұл», «Көкектің күнәсі», «Алтынсарин көшесінің ұзындығы 100 метр» деген әлеуметтік очерктері сол уақыттың таңбасын айқындаған бедерлі туындылар болды.

Қарымды қаламгер 1991 жылы жарияланған «Саны аз халықтың саналы азаматтарына» деген мақаласында:

«Егер сіз болмағанда бір айда бір қазақ кітабын сатып алсаңыз – ұлт алдындағы бір парыздан құтылғаныңыз;

егер сіз келесі жылдың болмағанда бір баспасөзіне жазылсаңыз – ұлттық намысыңыздың сәл де болса оянғаны;

егер сіз өз тіліңіздегі сол кітап пен баспасөзді ыждағатпен оқып отырсаңыз – күн сайын рухыңыздың өсе түскені;

егер сіз оқығаныңызды насихаттай жүрсеңіз – онда ұлттық санаңыздың самғау биікке ұмтылғаны. Қысқасы, саны аз халықтың саналы азаматтары, бізге қазір ақыл да, намыс та, ерлік те, бәрі-бәрі керек» деп жазғаны отыз жыл өтсе де өзектілігін жоғалтқан емес.

Екі ғасыр тоғысында елордаға келіп, астаналық газетте аз уақыт қызмет істегенде де өз қолтаңбасы мен ізін қалдырды. Сол кезде «Ақмола ақшамында» оқырманның назарын аударған «Баған басында жанған жігіт», «Гүлжанға сенсек, Тұран биден түңілесіз», «Отыз үйдің ойбайы…» деген мақалаларды ешкімнен жасқанбай жариялап, өз ұстанымын танытты. Өзі бас болып, «Тазша баланың тамашасы» деген айдарды енгізіп, қала өміріндегі қалтарыста қалған проблемаларды қаламымен түйреді.

Бірде «Түркістан» газетінде жазушының жары Лиза апайдың сұхбаты жарық көріпті. Сонда ол кісі Дидахмет ағаның ұқыптылығы мен таза киініп жүретінін айта келіп: «Қай жерге барса да өзіне әдемі галстук сатып алатын. Оның осы қасиетін жақсы білетіндер оған галстук сыйлап жатушы еді. Ал өзі аса қимайтын, аралас-сыйлас жігіттері болмаса, ешкімге галстук сыйлап көрмеді-ау дейімін» деп айтыпты. Сол кезде ойыма Дидағаның сары галстугі түсті. Қазір мен оны жақсы ағаның көзіндей сақтап жүрмін. Ілуде бір айтулы шара болмаса, көп жерге тағa қоймаймын. Ертең ұлым ержеткенде мойнына әдемілеп тақса деймін…

# ШОРТАНБАЙ МОЛДАЛАРҒА НЕГЕ ШҮЙЛІКТІ?

## НЕМЕСЕ «УКАЗНОЙДЫҢ» ЫЛАҢЫ

**Шортанбай жыраудың ата-тегін сараласақ, Хазрет Әліден бастау алады. Бергі жағында Дуана аталып кеткен Мәді қожа оның баласы Қылыштан, оның Смайыл Әздерден тараған Шортанбай ақынға дейін де (шын аты Али Мұхамед) небір атақты діндарлар шыққанын білеміз.**

Айгүл УАЙСОВА

Өзінің және ата-бабаларының хақ жолындағы қызметін Арқада қалай жалғастырғанын да жырлап кеткен:

Қаратаудан Арқаға
Сарысуды жағалап,
Дін ислам жолы үшін,
Адалдан берер дәмі үшін,
Бабаларым ауып еді.

Шортанбай бабамыздың да өзі дінге адал болды. Мешіт ұстады, бала оқытты. «Өлмен малың – иманың», «Қайыры жоқ мал сақтап, дәмді харам шайнама» дейді, «Бұйрықсыздың бәрі харам, шариғатқа сыймаса», «Байлықтың алды иман-ды», «Иманнан басқа нәрсені, Құдайдан көп сұрама» деп уағыздап, заманының бұзылып бара жатқанын дінге сызат түскенінен көрді.

«Медресе, мешіт салдырып,
Мүфтиге берсең баланды,
Азан, тәкбір айттырып,
Мешітке қойсаң молдаңды,
Сираттың желі соққанда
Ораза, намаз панаң-ды» деп те ескертеді.

Ата дініміздің насихаттаған қасиетті әулеттің өкілі бола тұрып, өз тайпасынан шыққан қожа-молдалар туралы «қыршаңқы» жолдардың мағынасын көпке дейін түсіне алмай келгенбіз. «Қыршаңқы» деуге де келмес, сойылмен соғып түскен әшкере, ауыр үкім. Сол кезеңдегі қожа-молдалардың исламға қайшылығын көрсетіп, қызметін жоққа шығарады.

Оны да оқырманның ойына сала кетейік:

Ай мен күннің арасы
Таңда махшар күн туса,
Таразыны аударар,
Кәлиматың шаһадат
Тәмам кісінің расы.
Тәуба, таупых келтірмес,
Азған елдің молдасы
Оның айтқан сөзінің
Асылы болмас расы.

Тағы бірінде:

Бұл асылық асқан заманда,
Қожа, молда көбейіп,
Отырар төрде шөмейіп.
Сәлдесін үлкен орасып,
Жауған қардай борасып.
Жамандығы ішінде,
Жан-жағына қарасып.
Үлкен молда десін деп,
Мәселеге таласып.
Ең мүсәпір қорықсын деп,
Мұңайған болар жыласып,
Өздері жылай жүргенсіп,
Намазды бүтін білгенсіп.
Арам берсең жымиып,
Қалтасына салады.
Мені молда десін деп,
Құдайды алдар әдепсіз.

Тағы бір шумақта:

Ендігінің молдасы,
Залымның болып жолдасы, – деп молда атын жамылғандардың күнәсін бетіне басады. Осы жолдарды оқығаннан кейін ақынның замандастары – қожа-молдалардан қайыр қалмағандай түңілеміз.

Заманақырдың молдасы –
Бек үлкен келер сәлдесі,
Бауыр қыла көрмеңіз,
Рас емес оның дұғасы, – деп тағы айтады.

Бірақ Шортанбай молдаларды жаман сипатын беріп қоймай, бір жақсының келмеске кеткенін де айтып қамығады.

«Қасиетті төре жоқ,
Шарапатты қожа жоқ,
Ендігі сорлы бейшара,
Қорыққанда барып паналар» деген жолдар жақсылардың өткенінен хабар береді. «Ер сасқанда сыйынған, керемет кетті піріңнен» деп тағы қайырады. Сонда «бұл



жақсылары кімдер екен?» деген сұрақ туындайды. Ақын айтқан «қожа-молдалар» бұлардың қатарына жатпай ма? Олардың кім екенін тереңінен толғамаған ақын:

«Жеті атасы пір болған,
Балалары молда боп
Парыздан мағына айырған,
Қияметте қожалар
Дуана болып барады» дей келіп, «Айғыр айтып сойсаң да, бұрынғы дінің келер ме?» деумен шектеледі.

Менің де іздегенім осы, бабаларымыз қол берген пірлерім, қасиетті қожалар еді. Соңғы жылдары жарияланған Шортанбай шығармаларында, Мұхтар Мағауин басып шығарған «Бес ғасыр жырлайды» жинағында, одан қалды қаламгердің «Жұлдыз» журналында басып шығарған жаңа жырларында қожаларды ақтайтын бір ауыз жыр жолы кездеспеді. Алайда ақын айтты деп қалай жамандыққа қиярсың?! Қазақ даласына ислам дінін алып келген Шортанбайдың өзі де жаралған пайғамбар әулетінің дегдар діндарларын қалай қаралайсың?! Дегенмен дін біткенге қарсы тұратын, атеизммен сусындағандардың алдында назарымызды төмендеткен, өткен ғасырлардағы қожалардың қызметін кішірейткен осы шумақтар болатыны өтірік емес. Қолайыма келмейді деп ақын жырларын жинақтардан алып тастай алмайтынымыз да анық. Десе де тек жырлары ғана емес, артында асыл дұғасы қалған асқан ілімді діндардың осылай ашына айтуына не себеп болды, қай қожасы жолынан жығылып, халқына зиянын тигізді деген сұрақ көкейімізде жүрді. Ал оның жауабы әріде екен.

Ақынның кімдерді әшкерелеп, кімдерді нұсқағанын түсінбегенім өзімнің білімімнің аздығынан, ел тарихын білуге деген талпынысымның таяздығынан екен. Жалғыз мен емес шығармын, жалпы екі жүз жылға созылған патша отарының саясатын қазіргі заманда түгел зерделеп, түбіне жете қойған жоқ шығармыз. Зар заман заршысы Шортанбайды оқып отырып, оны заманымен, яғни орыс отаршылдығымен, сол кезеңдегі патша саясатымен аз байланыстырамыз. Себебі бұл тақырып азды-көпті зерттелсе де, қалың бұқараның санасына салдары жете қойған жоқ. Ақын зарына бойлай қоймадық. Оның бір кесірі өткен ғасырдағы кеңестік қолымен жазылған тарихта жатқаны анық. Саясы оңайлықпен өшпейтін кеңестің құдайсыздар қоғамының көлеңкесі ата дініміз бен иманымыздың жарығын әлі көлегейлеп тұрғанын мойындау керек. Ұлы ақынның қалдырған мұрасын түсінетін өрелі ұрпақ жетіле қоймады ма деп те қорқамын. Дегенмен талпыныс бары қуантады.

Шортанбай жырларының құпиясын, ақын сөзімен айтқанда «аққан ірінің» толық түсіндіретін «кілт сөзін» дәл табу арқылы ақынды түсінгендей боламыз.

Жақында ақын жырларының бірнеше нұсқаларын салыстырып оқып отырып, үлкен «жаңалық» аштым.

Василий Радлов – Шортанбай жырларын, Орынбай ақынмен айтысын жазып қалдырған орыс империясының ірі ғалымы. Белгілі профессор Қанипаш Мәдібаеваның айтуынша: «Шортанбайтанудың басында, біздіңше, халқымыздың әдебиет үлгілерін жинап-зерттеуші, бағалап-сараптаушы, қазақ әдебиетінің ғылыми сипаттамасын жасаушы В.Радлов тұр» дейді. Радлов «Зар заман мен заман ақыр» тәрізді ғибрат өлеңдер қамтылған Шортанбай жырларына «Ертістің шығысында дала қазақтарының моллалары шығарған қолтума туындылары» деп анықтама беріпті. Радловтың «Образцы народной литературы тюркских племен», III том, СПБ, 1970 жинағында жыраудың бірнеше туындысы жарық көргенін айттық. Оны алғаш рет осы тақырыпта диссертация қорғаған Қанипаш Мәдібаева жинақтаған ақын шығармаларында қайта бастырған еді. Сол еңбектің 16-бетінде:

«Ал мынау указной шыққалы,
Ұзатқан қызда неке жоқ,
Өлгендерде ысқат пенен
құран жоқ,
Ел ішінде қожаның есебі жоқ»
деп бізге «указной» деп құпияны ашатын кілт сөзді көрсеткен-ді. Осы сөздің мағынасын ақтара келе, ақын айтқандай «есебі жоқ қожаның» да ізін таптық. Себебі ақын Сарыарқаға ағылып келіп жатқан указнойлардың қатарынан «қожаларды» көріпті.

Бірақ бұл «указной» қазақ сахарасындағы ислам дінін таратқан пайғамбар әулетінің қожалары емес. Патша әгзам жарлығымен бекіткен молда екен.

Олардың кім екенін білу үшін Шортанбай ақынның зар илеген үніне құлақ асып, отарлау саясатының басын ашып алайық. Кез келген деректерде «Отарлау – күшті державалардың әлсіз халықтарды күш қолдану арқылы бағындырып, олардың байлығын, жерін иеленіп қана қоймай, отарланушы елдің әкімшілік басқару жүйесін түбегейлі өзгертудің нәтижесінде үстемдік орнатуын» айтады. Қазақ жеріндегі орыс отарлауының басын академик Манаш Қозыбаев 1732 жылдан емес, 1580 жылдан басталған деп жазады. Ақын өмір сүрген ғасыр – қазақ жерін отарлап алған қалың мұжықтың жорық алдында тыныстаған кезі. Бұл кезеңде жерін тегін иеленіп, ел билігін қолына алып, патшалық сот билігі орнап, рухани әлемін тарылтып болып, енді мұсылман дінін әлсірету шараларына кіріскен сәті еді.

Ал ақ патшаның рухани отарлауы 1862 жылдан басталды деуге болады. Оның аты шоқындыру еді. Осы істі асқындыра түсіп, 1868 жылы указной молдаларын жіберіп, елдің мысын басты. Өйткені осыған дейін қазақ даласында діни тұтастық берік еді. Момын халқы аса діндар болмаса да, ислам шарттарын бойына жинаған, үлкенді сыйлау, кісі ақысын жемеу, бауырмалдық, дүние қуып, адам жатырқамайтын сыпайы сипатты сахара ұлдарының рухани діңгегін ұстаған, ақынша айтқанда «жеті атасы пір болған, балалары молда болып, мешіт ұстап, қырық парызын түгендеген» кереметті қожалар болатын.

Орыс отаршылары дін иесін аластаса, халықты надандыққа ұрындырып, басқа өркениетке бас ұрдырып, өзін-өзі жоғалтатынын білді. Олардың зұлым саясатын түсінген Шортанбай жырау қарап қалған жоқ. Зар заманына басып, ел-елді аралап, жау алқымдап алғандағы бұзылған елдің дертін, қазулы тұрған көрін көрді. Кеулеген індеттен арылудың жолын да көрсетті. Ол асыл діні – ислам еді. Қазақ жеріне біржола келген отарлау жүйесі қазақтың өз дінін өзіне иелетпей, патша өзінің астыртын тыңшыларының қызметіне молдалықты міндеттеп, указнойларын жіберді. Дін атын жамылып келіп, указной молдалар елді әбден шатастырды. Өкімет олардың қолына билік берді, дегенін болдыртты. Жергілікті жердегі діни істерді тек тағайындалған молда ғана жүргізеді деп бұйрығымен бекітіп қойды. Ақынның «Қияметте қожалар, дуана болып барады» деуінің себебі сол.

Указной молдалардың ылаңын жазып қалдырғандардың бірі – Құрбанғали Халид деген тарихшы. Қазақ баласын сүндеттеп, құран оқытып, некесін қиып, өлігін көміп, жабдығын түгендеген қожаларды қуғынға түсіріп, указной молдасыз өліктің жаназасы шығарылмағанға дейін жетеді. Өлі түгіл, тірінің де билігін бетімен жібереді. Бұл қазақтың болмысын, мәдениетінен ажырататын тура жол екенін ел қамқоры, руханиятының қорықшысы Шортанбай молда білмегенде кім біледі?! Орыстардың айла-шарғысын ақын айтып, зарламағанда кім зарлайды?! Құрбанғали Халидтың «Тауарих хамса» кітабында указнойлардың күймелетіп, указдарын алып, мойындарына шынжыр баулы сағат салып келіп-кетіп жатты дейді.

«Тәспі алғансып қолына,
Тұмар тағып мойнына,
Бойын жуып пәктемей,
Нәпсісін тыйып тек демей,
Намаз оқыр дәретсіз» деген жолдар осы бейнені еске салады.

Указнойлардың ылаңы мұнымен біткен жоқ. Шортанбай жырларында сол кезеңдегі орын алған, келеңсіз дүниелер түгел берілген екен. Осы еңбекті оқи отырып, ақын жырларын, оның жанайқайын толық түсіндік. «Калиматсыз кәпірге кіріптар қылдың құдіретім, ал бұ заманның аяғы!» деп түңілген ақын ақтық шешім шығарады.

Шортанбай жырларында назар аударатын нәрсе, жаңа биліктің жандайшаптары указной молдалардың ел ішіндегі әдет-ғұрыпқа

да араласып, қалыптасқан құндылықтарды бұзып, тіпті ерлі-байлылардың да ортасына түскені еді. Әсіресе, өскелең ұрпақтың қасиетінен ажырауы, ата-анасын сыйламай, білгеннің ақылын алмай ауа жайылуы налындырады. Тіпті көп адамдар Қазан төңкерісінен кейін ғана болды деп ойлайтын әйел теңдігі басқа сипатпен ақын жырларында қозғалады.

Оның да сырын указнойлардың ылаңынан таптық. Олар әйелдердің қатынасында ата жолы дәстүрін мансұқ етуіне жағдай жасаған, қыздардың өз қалауыма тиемін деп, жесірлердің де жұлқына шыққаны молдасымақтарға пара беріп аздың сөзін сөйлеткенінде екен. Жоғарыда аталған кітапта: «жергілікті жерлерде аздаған көзі ашық оқығандары болғанмен, келген указной молдалардың тозаңы бұларды басып кетті» деп жазады. Бұл кез қожасы қалың Қаратау мен Арқа арасындағы ақ жолдың жабылып қалған шағы еді.

Бертінде Абай да бұл мәселеден шет қалмай: «Молдалар тұра тұрсын, хусусан әсіресе бұл заманның ишандарынан бек сақ болыңдар. Олар – фитнә ғалым, бұлардан залалдан басқа ешнәрсе шықпайды. Өздері хүкім шариғатты таза білмейді, көбі надан болады. Онан асып өзін-өзі әһіл тарихат (діндар көрініп) біліп және біреуді жеткізбек дағуасын қылады. Бұл іс олардың сыбағасы емес, бұлардың жеткізбегі мұхал (мүмкін емес), бұлар адам азғырушылар, хаттә дінге де залалды. Бұлардың сүйгені – надандар, сөйлегені – жалған, дәлелдері – тасбығы менен шалмалары, онан басқа ешнәрсе жоқ» (жиырма төртінші қара сөзі)

Кейіннен Мәшһүр Жүсіп атамыз:

«Құранды қор, молданы боздай қылып,

Кірісті сөндіруге ислам нұрын» деп айыптады. Бұл, әрине, указнойлардың ушығып тұрған Шортанбай заманынынан кейінгі айтылғандары.

Ақын осы залалмен бетпе-бет келді. Сұрқия саясаттың «қожа-молдалар» қызметін артқарғансып, солардың атын жамылып келген құлығын бірден түсіне қойған жоқ. Бірақ бар болмысымен бір жамандықты сезіп, жеті атасынан бері қорғап келген мұсылман қамалы құлап бара жатқанын указнойдан көріп, елін сақтандырды.

Әрине, қалың оқырманға Шортанбай жыраудың орыс отарына қарсы шыққаны жақсы таныс және осы кезеңнің басындағы барлық өзгерістер мен құндылықтардың ауысуы көз алдында өтіп, оның салдарын, шығу себебін тәптіштеп айтып кетті, жырымен жеткізді. Сонда да екі ғасырдан бері сол саясаттың ызғары ыдырамаған жыраудың шығармашылығын үңіле оқығанда ғана оқырманның жүрегіне зар заманның зары жетері анық. Біздің мақсатымыз – «қожа-молдалардың» арасын ашып, анығын айтып, оқырманның түсінбей қалған тұсы болса, біле жүрсін дегеніміз ғана. Шортанбайдан жеткен зар заманның тарихи тұжырымын түсіндіру мамандардың, ғалымдардың жұмысы деп білеміз.

# ТҮП-ТАМЫРЫМЕН ЖОЯЙЫҚ

**Қазақтың бағына біткен ұлы ақыны Абай атамыз: «Еңбек қылмай тапқан мал дәулет болмас, Қардың суы секілді тез суалар» демекші, тарихы тереңнен бастау алған бұл сыбайлас жемқорлық бүгінде күллі әлем жұртшылығына өз зардабын тигізіп отыр.**




Сыбайлас жемқорлық – тамырын тереңге жайған, халыққа кесірін тигізетін, онымен қоса әлеуметке айтарлықтай залал келтіретін ауыр дерт. Тұғырын кеше ғана көтерген жас мемлекетімізді бұл індет айналып өтпеді. Халқымыздың қанына сіңіп, санасын улаған парақорлық күннен-күнге өршіп, ел дамуына кері әсерін тигізіп жатқаны баршамызға мәлім. Себебі заман талабына сай адамдар рухани дүниеден гөрі материалдық жағдайын басты орынға қойып отыр. Әрине, осындай жайттардан соң қоғамда өсу, алға жылжу болмайды. Көбіміз елде тек билік қана жемқорлықпен күресуі тиіс деген теріс пікірдеміз. Дұрыс, мемлекет – басты күресуші. Халық қалаулылары, билік басында отырған лауазымды тұлғалар өз істеріне әділ болып, халыққа үлгі боларлықтай жұмыс жасап, жеке басының қамын ғана ойламай, ел мүддесін қорғаса деп ойлаймыз. Бірақ қазіргі кезде байқап жүргеніміздей, қолында бар кезде қонышынан басып қалатындар аз емес. Сол үшін біз тек билік басындағылардан әрекет күтпей, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, жұдырықтай жұмылып, халық болып, ел болып осы дерттен айығуға өзіміз де атсалысуымыз тиіс. Болашақ өскелең ұрпаққа жемқорлықтың ұшқынын көрсетпей, олардан елім деген азаматтарды тәрбиелеу біздің ендігі мақсатымыз болып отыр.

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін төмендетіп, халықаралық деңгейіне көлеңке түсіреді. Жалпы, бұл туралы Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында:

«Аса маңызды міндет – сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегияны қалыптастыру және іске асыруды жалғастыру» делінген.

Осы уақытқа дейін біз сыбайлас жемқорлықпен күресу қажет деп келсек, ендігі уақытта басты идеологиялық құжатымыз – стратегияда көрсетілгендей, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл деп айтамыз. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру. Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – бұл адамның саналы және адамгершілікпен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру қабілеті. Еліміздің қаржысын талан-тараж етпей, халықтың еңбегін ысырап қылмай, діттеген жоспарға жету, дамыған мемлекеттердің отыздығына ену бірінші кезекте екендігін осы Жолдаудан-ақ көрсек болады. Бүкіләлемдік рейтинг бойынша еліміз 183 мемлекеттің ішінде 120-орынды тұрақтапты. Әзірге мемлекетіміздегі парақорлыққа қарсы ұйымдастырылған бағдарламалар мен заңдардың пайдасы көрінер емес. Жемқорлық проблемасын зерттейтін лондондық журналист Ник Кочан «Саясат пен бизнес араласып кеткен Қазақстанды парақорлық жайлаған» дейді. «Көш жүре түзеледі» деген халықпыз. Сондықтан өзімізді өзіміз қамшыламасақ, бізге өзге жұрттың жаны ашымасы анық.

Қысқасы, ел болып еңсемізді көтеріп, тәуелсіздігімізді алып, шаршы әлемге танылдық. Мемлекетіміздің тамыры тереңге жайылып, нығая түсуге бағытталған құқықтық заңнамалар қабылданып, ел экономикасы мен әлеуметтік жағдайы түзеліп, әлем мемлекеттерінің ортасынан өз орнын айқындады. Бүкіл әлемге өзінің біртұтастығымен танылды. Қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, уақыттан туындаған әртүрлі кеселдерден айығуды міндет етіп қойды. Бұл жол – Елбасымыз таңдаған сыбайлас жемқорлықты жою жолы. Міне, осы бағдарламаны Қазақстан азаматтарының санасына сіңіру, жемқорлықтың кез келген көрінісіне төзбеушілікті жеткіншек ұрпақтың санасына жеткізуіміз керек.

**Балжан ЖҮРСІНТАЙ,**
**№26 мектеп-гимназиясының**
**9-сынып оқушысы**

# ҚАШАНҒЫ ПАЛАУ ЖЕЙ БЕРЕМІЗ?



**Басын ашып алайық, өзбектің палауына өштігім жоқ. Өзім де палауды олардан кем пісірмеймін. Айтпағым, қалада палау орталықтары өртеңге шыққан сүйріктей қаптап келеді. Табақ толы палауы бар, бір шәйнек шайы, қызанақ пен пияз араласқан салатына тағы бір тандыр нан қоссаңыз, бар-жоғы мың теңгенің айналасында шығады.**

Айгүл **УАЙСОВА**

Өзбек акаларым қаламыздың қоғамдық тамақтандыру жүйесіндегі олқылықты біліп, оның орнын толтырғандай. Қаланың шеті, қайнаған ортасы демей, дәу қазандарын қайнатып, орталықтар ашып тастады. Көше бойлай жел үрген местей адам сұлбалары қайда палау барын меңзеп, қол бұлғап шақырып тұрады. Бірден танисыз, әлгі меске өзбектің шапанын кигізіп қойған. Кіре қалсаңыз өкінбейсіз, асықпай түстеніп көңіліңіз де, қарныңыз да тойып шығады.

Неге өзбек палауының шырайын шығарып мақтап отырмын? Түсінген боларсыздар. Сұраныс бар. Мысалы, тек біздің газетіміз орналасқан сол жағалауда мен білетін 4-5 палау жеу үшін іздеп баратын жер бар. Егер осы жағалауды жайлағандардың дені мемлекеттік қызметкерлер, осындағы бизнес-орталықтардың жұмысшылары десек, әлі келгені осында түстенеді. Тек түстік пе? Осы күнгі келіншектер де үйіне қонақ шақырып шаршағанды қош көрмейді. Дос-жарандар, ауылдан келген таныстардың, одан қалды құрбылардың жиі бас қосатын жері палаухана болды. Кешкісін де бұл орталықтар бос емес. Жай сұхбаттасып не асығыс кешкі асын жейтіндер де осында келеді. Демалыс күндері кішігірім шақырыспақ, туған күндерді осы орталықтарда атап өтеді. Аса қымбат емес, қолжетімді. Палаушылар да, палауды жақсы көретіндер де риза. Астаналықтардың асқазанына тек палау ғана жағады ма деп ойларсыздар. Жоқ, әрине. Майы сорғалаған күріштің көбімізге кері әсері бар, бірақ көк шаймен тоқ басамыз. Осындайда өзіміздің ет болса екен деп армандаймыз. Алайда әлі де біраз армандайтын шығармыз. Өйткені палауды ығыстырар қазақы ет орталықтарының ашылатын күні туа қоймас.

Жылқының сүр етін, қазысын қаламайтын жан жоқ болар. Сорпасына құрт езіп ішсеңіз қандай! Аузында еритін бағланның етінен жасалған қуырдақ қалай палауға қарсы тұрар еді! Әрине, мұның бәрі асүйімізден асып шықпай жатыр. Елімізге келгендерге «елдің асы» деп орталықтарға апарып палау ұсынатымыз да сондықтан.

Осыған қарап қазақтың ұлттық асын дәріптейтін қоғамдық тамақтандыру желісін жетілдіріп, оларға қала төрінен ойып тұрып орын беретін уақыт жеткен жоқ па деп ойлайсыз. Барға қанағат дейтін болсақ, «Қағанат», «Шымкент», «Тағам», «Тайқазан» дейтіндей тамақтандыру желілері бар. Олардан да не қалағаныңды алып ішесің. Дегенмен салыстыра келсең, палау орталықтары бәрінен алға озып шыққан сияқты.

Осы орталықтың тәжірибесін пайдаланып, неге қазақтың етін жеп, қымызы мен шұбатын ішіп, ірімшікпен сүт қатқан шайын ішіп, ыстық бауырсақтан дәм тататын орталықтар ашпасқа? Мүмкін алғашқы кезде қала басшылығы мән беріп, қазақы брендіміздің асқақтауына көңіл бөліп, қажет болса, осындай оймақтай отау ашатындарға жеңілдік қарастырса, аяғынан тұрып кетер еді.

Осы күні әлеуметтік желідегілер «қазақы тағамның құнарлығы соншалықты, ешқандай вирус алмайды» деп шулап жатыр. Ендеше дәл осы кезде халықты құнарлы тағаммен қамтамасыз ететін қолжетімді орындарға кез келген шығар. Ойланып көрейік. Жайлы жайда қазақы орталықтар ашылып жатса, палау жеп неміз бар?



# ІНДЕТТІ ЕМДЕУ ӘДІСТЕМЕСІ ӨЗГЕРТІЛДІ

**Елімізде коронавирус жұқтырған барлық 12694 адамның 77 пайызы симптомсыз науқастар екені зерттеу барысында анықталды. Осыған орай, биыл 1 маусымнан бастап қауіпті дертті емдеу әдістемесі өзгертілді. Халықаралық стандартқа сай келетін әдістеме бойынша симптомсыз науқастар бұрынғыдай ауруханаларға жатқызылмай, үйлерінде карантин жағдайында дәрігерлердің бақылауымен емделетін болды.**

Райхан **РАХМЕТОВА**

Бұл ретте жауапкершілік жергілікті емханалардағы учаскелік дәрігерлерге жүктеледі. Олар учаске мекенжайына қарайтын тұрғындар арасынан ауру белгісі жоқ науқастарға мониторинг жүргізіп, арнайы қадағалап отырады. «Ауру белгісі жоқ болса несіне оқшаулайды?» дейтіндерге ҚР Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов симптомсыз науқастың жұқтыру жылдамдығы жоғары екенін жеткізді. Әрі коронавирус белгісі жоқтардың 30 пайызында денсаулығы күрт төмендеп кету қаупі бар.

### ЖАҢА ЖҰҚТЫРУ ОШАҒЫ

Дәрігерлер соңғы кезде инфекцияны жұқтырудың жаңа ошағы пайда бола бастағанын айтып дабыл қағуда. Бұл жаңа ошақ – отбасылық жұқтыру орындары. Үйіндегі бала-шағасымен бірге бүтін бір әулеттің ауруды жұқтырып алу жағдайы көбейді. Күн сайын бір отбасынан инфекция жұқтырған 2-5 адам анықталуда. Олар, негізінен, отбасылық басқосулар, туған күндер, тағы да басқа шағын отырыстарды өткізу барысында жұқтырады. Ресми деректерге қарағанда, аурудың таралу көрсеткіштері төмендегені байқалады. Алайда соңғы аптада 419 жаңа жұқтыру жағдайы тіркелді. Бұл аз емес. Күніне ауру жұқтырған 60 адам табылады. Оның әрбір төртіншісі – скринингтік симптомдары, яғни қызу, жөтел сияқты жеңіл өзгерістері бар науқастар немесе пневмониямен келетіндер.

Бүгінге дейін дертті 2478 елордалық жұқтырғаны тіркелді. Оның 10 пайызы – балалар. Төртеуі – жаңа туған сәбилер ауру жұқтырған аналардан туған. 9 астаналық қайтыс болды. 1476 адам емделіп шықты. Қазіргі таңда инфекциялық, провизорлық және карантиндік стационарларда 1177 науқас ем қабылдауда, соның 102-сі – балалар. Сонда әрбір он бірінші науқас – балалар, соның ішінде мектепке дейінгі балалар болып отыр. Олардың бәрі балабақшаға бармайды, яғни ауруды өз отбасыларынан жұқтырған. Тіркелгендер арасында 18-59 жас аралығындағы еңбекке жарамды азаматтар көп. Бүгінде инфекциялық стационардағы 780 адамның 16-сы – жан сақтау бөлімінде жатқан жағдайлары ауыр науқастар. Соның жетеуі аса ауыр жағдайда жасанды өкпе аппаратына жалғанған. Бұлар, негізінен, дертті жақын адамдарынан жұқтырып алған, созылмалы ауруы бар 65 жастан жоғары егде кісілер.

### СЕНБЕЙ ЖҮРІП СЕЛК ЕТЕ ҚАЛМАУ ҮШІН

«Кәне, қайсы, кім ауырды? Вирус бары рас болса, менің айналамда біреудің ауырғаны белгілі болар еді ғой...» деп дерттің бар екеніне күмәнмен қарайтындар баршылық. Әлеуметтік желілерде ауласында көршілердің көбі маскасыз жүретінін сынап жазып жүргендердің сөзі соны айғақтайды. Ал қоғамдық көліктер мен қоғамдық орындарда есік аузында маскасызды кіргізбей бақылау орнатудың арқасында ғана кей тұрғындар сақтану керектігін есіне түсіреді. Сіз айналаңызда ауру симптомы жоқ, бірақ науқас біреудің жүрмегеніне толық сенімді емессіз. Дерт белгі бермей өзі жұқтырушы екенін білмей жүргендер күн сайын автобусқа мініп, дүкен-базар аралап жүруі де әбден мүмкін. Сондықтан елде төтенше жағдай алынып тасталғанмен, жеке сақтық шараларын орындауды ұмытпаған жөн.

### ӨСІМНІҢ КӨБЕЮІ – ЗЕРТХАНАНЫҢ АРТУЫНАН

Мамандар ауру жұқтыру өсімінің артуы зертханалар көбейіп, дертті дер кезінде анықтау тиімділігі жақсаруымен де байланысты екенін айтып жүр. Коронавирус енді басталған кезде елордада ұлттық сараптама орталығында орналасқан ПЦР тест арқылы ауру анықтайтын тек 1 ғана зертхана жұмыс істеген болса, қазір сондай 7 зертхана бар. Оның екеуі – жекеменшік зертханалар. Жақында елордадағы «Қазақстан» спорт кешенінде био қауіпсіз тағы бір зертхана ашылды. Ауруды өте жылдам, 3 сағатта анықтауға арналған зертханалық кешен жақсы жабдықталған және ол халықтың әлсіз топтары үшін тегін жүргізіледі. Бір күнде мыңға жуық талдау жүргізуге қабілетті. Оған қоса, өткен аптада көлік жүргізушілер мен көліктегі жолаушылар үшін бағдарлық қозғалыс кезінде көліктен түспей-ақ тексеруден өтуге мүмкіндік беретін ақылы мобильді скрининг орталығы ЭКСПО аумағынан ашылды. Қауіпсіз скринингтік тексеру аз уақыт ішінде көп адамды тексеруден өткізуге арналған тиімділікке ие. Бір адамның скринингі әрі кетсе 5 минут уақыт алады. Нәтижесі 6 сағат ішінде белгілі болады. Ал оның қорытындысы бір тәулік ішінде тест тапсырған адамның WhatsApp-ына немесе электронды поштасына жіберіледі. Орталық таңғы 8.00-ден кешкі 20.00-ге дейін демалыссыз жұмыс істейді. Ашылған күні-ақ елордада 4500 адам тексеруден өткізілген. Сонымен қатар Нұр-Сұлтан қаласында коронавирус дерті бойынша науқастарды емдеу және диагностикалау үшін 2145 кереует қарастырылған. Оның 1144-і – инфекциялық, 200-і – провизорлық, 81-і – карантиндік орындар.







Тіркелгендер арасында 10 пайызы – балалар, 18-59 жас аралығындағы еңбекке жарамды азаматтар көп. Бүгінде инфекциялық стационардағы 780 адамның 16-сы – жан сақтау бөлімінде жатқан жағдайлары ауыр науқастар. Соның жетеуі аса ауыр жағдайда жасанды өкпе аппаратына жалғанған. Бұлар, негізінен, дертті жақын адамдарынан жұқтырып алған, созылмалы ауруы бар 65 жастан жоғары егде кісілер.

**Елжан БІРТАНОВ,
ҚР Денсаулық сақтау министрі:**

*– Елді жаппай қайта карантинге жабуға да болар еді. Бірақ қатаң карантиндік шектеулер тығырықтан шығатын жол емес. Ол пандемия таралуының бірінші кезеңінде тиімділігін берді. Яғни біз өте жылдам, бірден көтерілген ауру жұқтыру өсімін осы қатаң шектеулер арқылы тоқтатып, қазіргі тұрақты өсімге қол жеткіздік. Бүгінде дерттің өсуі 5 пайызды құрайды. Сондықтан елден сұрайтынымыз өте қарапайым және түсінікті қауіпсіздік шараларын сақтасаңыздар екен. Қазір өсім 6 өңірде ерекше байқалып отыр. Көш басында Маңғыстау, Батыс Қазақстан, Қызылорда облыстары тұр. Шығыста жағдай жақсарып келеді. Әр өңірге әр түрлі шектеу енгіземіз. Оған бас санитар арқылы құқық берілген. Сол себепті кейбір шектеу шаралары әлі де алып тасталған жоқ. Атап айтқанда, кинотеатрлар, балаларға арналған ойын аттракциондары, түнгі клубтар, діни нысандар, сауда орталықтарындағы балаларға арналған ойын алаңдары, жазғы лагерьлер, фудкорттар жұмысы әлі іске қосылған жоқ және шетелге баруға жол жабық. Сонымен қатар спорттық, мәдени-көпшілік шаралар өткізілмейді.*

**Мұрат АРАПОВ,
коронавирус жұқтырған науқас:**

*– Жасым 40-та. Елордада әскери қызметтемін. Биыл 29 мамырда қызуым көтеріліп, жөтел пайда болды. Ертеңіне «Олимпке» барып, ПЦР тест тапсырдым. Мен өзім барғандықтан тест тапсыру ақылы болды. 15 мың теңгеге шықты. Нәтижесін күтіп, үйге келіп жатсам, сол күні түнде 01.30-да телефоныма «сізден COVID анықталды» деген хабарлама келді. Дереу жедел жәрдем шақыртып, осы инфекциялық аурулар бойынша изоляторда жатқаныма 7 күн болды. Отбасымдағы қалған 5 адамды тексергенде теріс нәтиже шықты. Мен жұмыс істеген жерде 2-3 адамнан симптомы жоқ ауру анықталған еді. Менде белгі берген кезде қатты жөтелден кеудем қысылды, қақырық шықпай, бронхит секілді ауырады екен. Қазір жағдайым жақсы. Өз-өзіме келіп жатырмын. Медицина мамандары тиісті емдерін беруде. Оларға алғысым шексіз. Алла қолдарына дерт бермесін! Осындай қиын кезде науқастарға қолдарынан келгенінің бәрін жасауда.*

**Әлия РҮСТЕМОВА,
Нұр-Сұлтан қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары:**

*– ҚР бас санитарының №38 қаулысымен енгізілген өзгерістер бойынша симптомсыз науқастардың бәрін бұрын стационарға жатқызатын болсақ, қазір олар оқшаулау жағдайы бар болса, өз үйінде қалады. Ал енді оқшаулар шарттары қандай? Біріншіден, үйде науқасты оқшаулайтын бөлек бөлме болуы керек. Ал қасына тағы бір адаммен тұратын болса, бір бөлменің көлемі әр адамға 4 шаршы метрден келетіндей болуы тиіс. Сонымен қатар үйдегілердің барлығы профилактикалық шараларды сақтауы керек. Қолын сабынмен жиі жуып, үйді ылғалдап тазалап тұру қажет. Одан басқа, бөлмелерді күніне екі рет желдетіп, барлығы мықтап қымталған маска тағуы талап етіледі. Өздері сыртқа шықпай, үйге бөгде адам келмегені жөн. Сонымен қатар отбасындағы әр адамның ыдыс-аяғы бөлек болғаны дұрыс. Күніне екі рет қызуын тексеріп отырады. Сондай-ақ ұялы телефонына Smart Astana қосымшасын жүктеп алып, соның ішіне «үй карантиніндемін» деген бастырманы басып қояды. Карантинде жатқан кезінде телефоны үнемі қосулы және интернетке жалғанып тұруы міндеттеледі. Науқас «үй жағдайында барлық қауіпсіздік шараларын сақтаймын» деп қолхат жазып беріп, өзіне міндеттеме алады. Сол тәртіпті бұзғандар әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Ал осындай шарттарға сай жағдайы болмаса, карантиндік стационарға жатқызылады.*

# ТАЗАЛАЙТЫН ЖАН ЖОҚ ПА?



**Ерасыл ЕРМЕК:**
– Таха Хусейн, 4/1 мекенжайындағы қоқыс жәшігінің маңы тазаланбай жатқанына 10 күннен асты. Айқұш-ұйқыш жатқан бұтақтан аттап, жәшікке қоқыс тастаудың өзі қиын. Уақытында тазалап тұратын адам жоқ па?



**БАЙҚОҢЫР АУДАНЫ ӘКІМДІГІ:**

*– Құрметті Ерасыл Ермек! Сіз көрсеткен мекенжайдағы мәселе шешімін тапты. Фотоматериалдар қоса берілді. Хабарласқаныңыз үшін алғыс білдіреміз!*

# ШАМЫ ӨШІП, КІРПІШІ ТҮСІП ЖАТЫР



**Еркежан НАУРЫЗБАЙҚЫЗЫ:**
– Б.Момышұлы, 27 мекенжайындағы «Независимость» тұрғын үй кешеніндегі үйлердің қабырғасына қаланған қаңылтақ кірпіштер түсіп жатыр. Балалардың басына түсіп кете ме деп алаңдаймыз. Аулада шамдар да жанбайды. Сақтық шараларын қолданса жақсы еді.



**«ДОЛЬЩИК» ТҰРҒЫН ҮЙ-ҚҰРЫЛЫС КООПЕРАТИВІ:**

*– Құрметті Еркежан Наурызбайқызы! Сіздің өтінішіңізге сай көрсетілген мекенжайдағы аулада жарықтандыру қызметі қалпына келтірілді. Сонымен қатар қасбетті қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Фотоматериал қоса берілді. Қала тіршілігіне белсене қатысқаныңыз үшін алғыс білдіреміз.*

# БҰТАҚ ҮЙІЛІП ЖАТЫР




**Қадыл ТӨЛЕУ:**
– Абай даңғылы, 5 мекенжайындағы қоқыс жәшігінің қасында ағаш бұтағы үйіліп жатқалы көп уақыт болды. Тазалап тастаса жақсы еді.



**САРЫАРҚА АУДАНЫ ӘКІМДІГІ:**

*– Құрметті Қадыл Төлеу! Сіздің өтінішіңіз бойынша аталған аумақта қоқыс жинау жұмыстары жүргізілді. Фотоматериал қоса беріледі. Қала өміріне белсенді қатысқаныңыз үшін алғыс білдіреміз.*

# ШАҒЫЛҒАН ҚАҚПАҚТЫҢ ШАТАҒЫ

**Үрістем ҚОЖЫҚОВ:**
– Күйші Дина көшесі, 31-үйдің алдындағы құдық қақпағы ашық жатыр. Балалар түсіп кете ме деп алаңдаймын.

**Бақытгүл МАНАП:**
– Керей-Жәнібек хандар, 12/1 мекенжайында құдықтың қақпағы сынып қалыпты. Біреу оқыс болмасын, тезірек жасап қойса жақсы еді.



**АСТАНА СУ АРНАСЫ:**

*– Құрметті Үрістем Қожықов, Бақытгүл Манап! Жоғарыда көрсетілген мекенжайлардағы құдық қақпағы жабылды. Қалпына келтірілгеннен кейінгі фотосуретті ұсындық. Хабарласқандарыңызға рақмет!*







# ГҮЛЗАР ГҮЛМЕН КӨМКЕРІЛСЕ ИГІ

**Анар СҮЙІНБАЙҚЫЗЫ:**
– Ботаникалық бақта гүл егілмей, шаңы шығып жатқан жерлер өте көп. Осы жерлерді өнімді пайдаланып, гүл ексе тамаша болар еді. Егілген гүлдердің де күтімі жақсы емес, көбін шөп басып, уақытылы суарылмағандықтан сарғайып, күйіп барады.





**«АСТАНА КӨГАЛДАНДЫРУ ҚҰРЫЛЫСЫ» ЖШС:**

*– Құрметті Анар Сүйінбайқызы! Аталған бақтағы мекенжай бойынша бүгінде гүл отырғызу, гүлзарларды баптау, ағаштарды бұтау және аумақты тазалау жұмыстары жүргізілді. Қалпына келтірілгеннен кейінгі фотосуреттері берілді. Бас қаланың әсемдігін сақтауға атсалысқаныңызға рақмет!*

# ҚОҚЫСТАН КӨЗ АШПАЙТЫН БОЛДЫҚ



**Бақыт АРМАН:**
– Уәлиханов көшесі, 13 мекенжайында қоқыс тазалайтын адам жоқ, шағылған құты, бейберекет тасталған тұрмыстық бұйымдардан аяқ алып жүргісіз. Тазалықшы қойып, дер кезінде тазалап тұрса жақсы еді.



**БАЙҚОҢЫР АУДАНЫ ӘКІМДІГІ:**

*– Құрметті Бақыт Арман! Сіз көрсеткен мекенжайда қоқыс жинау бойынша жұмыстар жүргізілді, фото қоса берілді. Орта тазалығы мәселесіне көңіл бөліп, қала өміріне белсенді қатысқаныңыз үшін алғыс білдіреміз.*

109 iKomek ASTANA 24/7

*Деректер iKomek қалалық мониторинг және жедел әрекет ету орталығы берген деректен іріктеліп алынды.*

Бетті дайындаған
Фарида **КАРИМОВА**

## НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

ЖОБА

# «Мәдениет саласындағы коммуналдық қазыналық кәсіпорындар өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын белгілеу туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 24 мамырдағы № 105-1016 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңы 156-бабының 2-тармағына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Мәдениет саласындағы коммуналдық қазыналық кәсіпорындар өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын белгілеу туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 24 мамырдағы № 105-1016 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1108 болып тіркелген, 2017 жылғы 22 маусымдағы «Астана ақшамы» және «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыда:

1-14-қосымшаларда барлық мәтін бойынша «Астана» деген сөз «Нұр-Сұлтан» деген сөзбен ауыстырылсын;

3, 4, 5, 7, 9, 11, 12, 13, 14-қосымшаларға осы қаулыға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9-қосымшаларға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін;

8-қосымша осы қаулыға 10-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы қаулыға 11-қосымшаға сәйкес 15-қосымшамен толықтырылсын.

2. «Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының көшірмесін мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;

3) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына осы тармақтың 2), 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Б.М. Мәкенге жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А.Көлгінов**

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Б.Мәкен**

**«Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік-құқықтық бөлімінің басшысы Ж.Шәукентаев**

**«Нұр-Сұлтан қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Е.Өтебаев**

**«Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы Қ.Әзімов**

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің**
**2020 жылғы «__» ________**
**№ ___________ қаулысына**
**1-қосымша**

**Астана қаласы әкімдігінің**
**2017 жылғы 24 мамырдағы**
**№ 105-1016 қаулысына**
**3-қосымша**

## Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Бейбітшілік және келісім сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Бейбітшілік және келісім сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларында:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 1.1, 1.2, 3.4-жолдармен толықтырылсын:

«

| | | |
|---|---|---|
| 1.1. | Бірлескен іс-шараларды өткізу үшін Опера залын ұсыну қызметтері, 1 сағат | 250 000 |
| 1.2. | Бірлескен іс-шараларды өткізу үшін жарық және дыбыс жабдықтарының стандарттық жинағымен Опера залын 10 күннен артық ұсыну қызметтері, 1 тәулік | 750 000 |

»;

«

| | | |
|---|---|---|
| 3.4. | Бірлескен іс-шараларды өткізу үшін «Атриум» залын ұсыну қызметтері, 1 сағат | 200 000 |

»;

реттік нөмірлері 5, 14, 14.1, 14.2, 16-жолдар алынып тасталсын;

реттік нөмірі 15-жолдағы «250 000» деген сандар «400 000» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 19.1-жолдағы «600» деген сандар «1 000» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 19.2-жолдағы «400» деген сандар «700» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 20.1-жолдағы «500» деген сандар «800» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 20.2-жолдағы «300» деген сандар «500» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 22-жолдағы «800» деген сандар «1 200» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 23-жолдағы «1 500» деген сандар «2 000» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 24-жолдағы «1 000» деген сандар «1 500» деген сандармен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 24.1, 24.2, 24.3, 24.4, 24.5, 24.6-жолдармен толықтырылсын:

«

| | | |
|---|---|---|
| 24.1. | Ересектерге арналған бірлескен экскурсияларға кіру билетінің құны | 1400 |
| 24.2. | Балаларға арналған бірлескен экскурсияларға кіру билетінің құны | 950 |
| 24.3. | Ересектерге арналған бірлескен экскурсияларға топпен (10 адамнан жоғары) кіру билетінің құны | 1100 |
| 24.4. | Балаларға арналған бірлескен экскурсияларға топпен (10 адамнан жоғары) кіру билетінің құны | 700 |
| 24.5. | Жеке экскурсияға кіру билетінің құны (ағылшын тілінде) | 2800 |
| 24.6. | Жеке экскурсияға кіру билетінің құны (мемлекеттік және орыс тілдерінде) | 2 300 |

»;

реттік нөмірі 25, 25.1, 25.2, 26-жолдар алынып тасталсын;

реттік нөмірі 27-жолдағы «40 000» деген сандар «100 000» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 28, 31, 32, 33, 37, 38, 39, 40, 41-жолдар алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 42, 43, 44, 45, 46, 47-жолдармен толықтырылсын:

«

| | | |
|---|---|---|
| 42. | Би ұжымының қойылымын ұйымдастыру қызметтері, толық құрам (2 репетициядан артық емес) | 1 500 000 |
| 43. | Би ұжымының қойылымын ұйымдастыру қызметтері, 1/2 құрам (2 репетициядан артық емес) | 750 000 |
| 44. | Бишілердің жеке қойылымы (бір би, дуэт, трио) | 100 000 |
| 45. | Би ұжымының күніне дайындығы | 100 000 |
| 46. | Хор ұжымының қойылымы | 400 000 |
| 47. | Хореографиялық топтың өнер көрсетуі | 400 000 |

».

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің**
**2020 жылғы «__» ________**
**№ ___________ қаулысына**
**2-қосымша**

**Астана қаласы әкімдігінің**
**2017 жылғы 24 мамырдағы**
**№ 105-1016 қаулысына**
**4-қосымша**

## Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Жастар сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларына енгізілетін толықтырулар

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Жастар сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларында:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 44, 44.1, 44.2, 44.3, 45, 45.1, 45.2, 45.3, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52-жолдармен толықтырылсын:

«

| | | |
|---|---|---|
| 44. | «Амфитеатрға» бір адамға кіру билетінің құны: | |
| 44.1. | 1-5 қатарлар | 3 000 |
| 44.2. | 6-10 қатарлар | 2 000 |
| 44.3. | 11-15 қатарлар | 1 000 |
| 45. | «Амфитеатрға» бір адамға балалар іс-шарасына кіру билетінің құны: | |
| 45.1. | 1-5 қатарлар | 1 500 |
| 45.2. | 6-10 қатарлар | 1 000 |
| 45.3. | 11-15 қатарлар | 500 |
| 46. | «Амфитеатрдың» жазғы алаңында бірлескен іс-шараларды өткізу кезінде қызметтердің көрсетілуі, 1 тәулік | 1 000 000 |
| 47. | «Амфитеатрдың» жазғы алаңында бірлескен іс-шараларды өткізу кезінде қызметтердің көрсетілуі, 1 сағат | 80 000 |
| 48. | «Амфитеатрдың» жазғы алаңында жарық және дыбыс жабдықтарының стандарттық жинағымен бірлескен іс-шараларды өткізу кезінде қызметтердің көрсетілуі, 1 тәулік | 1 500 000 |
| 49. | «Амфитеатрдың» жазғы алаңында жарық және дыбыс жабдықтарының стандарттық жинағымен бірлескен іс-шараларды өткізу кезінде қызметтердің көрсетілуі, 1 сағат | 120 000 |
| 50. | Мәдени іс-шараларды анонстау үшін «Амфитеатрдың» қасбетінде ақпараттық баннерді (4,92*3,28) орналастыру қызметтерін көрсету, 1 тәулік | 10 000 |
| 51. | Бірлескен іс-шараларды өткізу үшін «Амфитеатрдың» билет сату кассасын ұсыну қызметтері, 1 ай | 80 000 |
| 52. | Бірлескен іс-шараларды өткізу үшін «Амфитеатрдың» билет сату кассасын ұсыну қызметтері, 1 тәулік | 4 000 |

».

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің**
**2020 жылғы «__» ________**
**№ ___________ қаулысына**
**3-қосымша**

**Астана қаласы әкімдігінің**
**2017 жылғы 24 мамырдағы**
**№ 105-1016 қаулысына**
**5-қосымша**

## Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Жастар театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларына енгізілетін толықтыру

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Жастар театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларында:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 10-жолмен толықтырылсын:

«

| | | |
|---|---|---|
| 10. | Театр студиясының курстарын өткізу қызметтері | 25 000 |

».

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің**
**2020 жылғы «__» ________**
**№ ___________ қаулысына**
**4-қосымша**

**Астана қаласы әкімдігінің**
**2017 жылғы 24 мамырдағы**
**№ 105-1016 қаулысына**
**7-қосымша**

## Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қуыршақ театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларына енгізілетін өзгерістер

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Қуыршақ театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларында:

реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Театрлық көрсетілімге бір адамға кіру билетінің құны: | |
| 1.1. | бағдарлама ұзақтығы 20 минут | 350 |
| 1.2. | бағдарлама ұзақтығы 25 минут | 400 |
| 1.3. | бағдарлама ұзақтығы 30 минут | 500 |
| 1.4. | бағдарлама ұзақтығы 35 минут | 600 |
| 1.5. | бағдарлама ұзақтығы 40 минут | 700 |
| 1.6. | бағдарлама ұзақтығы 45 минут | 800 |
| 1.7. | бағдарлама ұзақтығы 50 минут | 1000 |
| 1.8. | бағдарлама ұзақтығы 1 сағат | 1300 |

»;

реттік нөмірі 2-жолдағы «1000» деген сандар «1500» деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | |
|---|---|---|
| 3. | Көшпелі спектакль өткізу қызметтері: | |
| 3.1. | бағдарлама ұзақтығы 25 минут | 80 000 |
| 3.2. | бағдарлама ұзақтығы 30 минут | 96 800 |
| 3.3 | бағдарлама ұзақтығы 40 минут | 128 000 |

реттік нөмірі 4-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | |
|---|---|---|
| 4. | Спектакльді ұсыну қызметтері: | |
| 4.1. | бағдарлама ұзақтығы 20 минут | 140 000 |
| 4.2. | бағдарлама ұзақтығы 25 минут | 150 000 |
| 4.3. | бағдарлама ұзақтығы 30 минут | 200 000 |
| 4.4. | бағдарлама ұзақтығы 40 минут | 280 000 |
| 4.5. | бағдарлама ұзақтығы 50 минут | 360 000 |
| 4.6. | бағдарлама ұзақтығы 1 сағат | 420 000 |

».

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің**
**2020 жылғы «__» ________**
**№ ___________ қаулысына**
**5-қосымша**

**Астана қаласы әкімдігінің**
**2017 жылғы 24 мамырдағы**
**№ 105-1016 қаулысына**
**9-қосымша**

## Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Мемлекеттік академиялық филармония» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Мемлекеттік академиялық филармония» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларында:

реттік нөмірі 1.1-жолдағы «1-10 қатарлар» деген сандар мен сөздер «3-10 қатарлар» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 1.7-жолмен толықтырылсын:

«

| | | |
|---|---|---|
| 1.7. | 1-2 қатарлар | 5 000 |

»;

реттік нөмірі 5-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | |
|---|---|---|
| 5. | бір ұжымның өнер көрсетуін ұйымдастыру қызметтері: | |
| 5.1. | бір ұжымның өнер көрсетуін ұйымдастыру қызметтері (30 минут) | 150 000 |
| 5.2. | бір ұжымның өнер көрсетуін ұйымдастыру қызметтері (1 сағат) | 300 000 |
| 5.3. | бір ұжымның өнер көрсетуін ұйымдастыру қызметтері (1,5 сағат) | 400 000 |

»;

реттік нөмірі 2-жолдағы «1 800 000» деген сандар «300 000» деген сандармен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 3-жолдағы «1 500 000» деген сандар «200 000» деген сандармен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 6-жолдағы «1 330 000» деген сандар «500 000» деген сандармен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 7-жолдағы «7 000» деген сандар «5 000» деген сандармен ауыстырылсын;
реттік нөмірі 8-жолдағы «17 000» деген сандар «10 000» деген сандармен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 9-жолмен толықтырылсын:

«

| | | |
|---|---|---|
| 9. | Балалар іс-шараларын өткізу үшін залды ұсыну қызметтері (1 сағат) | 150 000 |

».

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің**
**2020 жылғы «__» ________**
**№ ___________ қаулысына**
**6-қосымша**

**Астана қаласы әкімдігінің**
**2017 жылғы 24 мамырдағы**
**№ 105-1016 қаулысына**
**11-қосымша**

## Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Сәкен Сейфуллин музейі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларына енгізілетін толықтырулар

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Сәкен Сейфуллин музейі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларында:

реттік нөмірі 1.9-жолдағы «басқа да азаматтар санаттары» деген сөздерден кейін, «оның ішінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің азаматтары» деген сөздермен толықтырылсын.

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің**
**2020 жылғы «__» ________**
**№ ___________ қаулысына**
**7-қосымша**

**Астана қаласы әкімдігінің**
**2017 жылғы 24 мамырдағы**
**№ 105-1016 қаулысына**
**12-қосымша**

## Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды мұражай кешені» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларына енгізілетін өзгерістер

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Саяси қуғын-сүргін және тоталитаризм құрбандарының «АЛЖИР» мемориалды мұражай кешені» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларында:

реттік нөмірі 1.3-жолдағы «ересектер үшін» деген сөздер «басқа да азаматтар санаттары, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің азаматтары үшін» деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 2.3-жолдағы «ересектер үшін» деген сөздер «басқа да азаматтар санаттары, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің азаматтары үшін» деген сөздермен ауыстырылсын.

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің**
**2020 жылғы «__» ________**
**№ ___________ қаулысына**
**8-қосымша**

**Астана қаласы әкімдігінің**
**2017 жылғы 24 мамырдағы**
**№ 105-1016 қаулысына**
**13-қосымша**

## Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Тәуелсіздік сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларына енгізілетін толықтырулар

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Тәуелсіздік сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларында:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 29, 29.1, 29.2, 29.3-жолдармен толықтырылсын:

«

| | | |
|---|---|---|
| 29. | Бірлескен іс-шараларды өткізу үшін жиһазды ұсыну қызметтері: | |
| 29.1. | алтын түсті жұмсақ отырғышы бар орындық (бір бірлік үшін), 1 тәулік | 700 |
| 29.2. | үстел-парта (бір бірлік үшін), 1 тәулік | 1000 |
| 29.3. | көлемі 2 ш.м болатын аяқтарымен жиынтықтағы подиум (бір бірлік үшін), 1 тәулік | 6000 |

».

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің**
**2020 жылғы «__» ________**
**№ ___________ қаулысына**
**9-қосымша**

**Астана қаласы әкімдігінің**
**2017 жылғы 24 мамырдағы**
**№ 105-1016 қаулысына**
**14-қосымша**

## Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Тарихи-мәдени мұра объектілерін және ескерткіштерді сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі дирекция» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларына енгізілетін толықтырулар

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Тарихи-мәдени мұра объектілерін және ескерткіштерді сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі дирекция» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларында:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 7, 7.1, 7.2, 7.3, 7.4, 8, 9-жолдармен толықтырылсын:

«

| | | |
|---|---|---|
| 7. | Дирекцияның шолу алаңына және көрме залына кіру билетінің құны: | |
| 7.1. | экскурсияға кіру билеті | 1 800 |
| 7.2. | ересектерге арналған топтық кіру билеті (10 адамнан жоғары) | 1 500 |
| 7.3. | балаларға арналған кіру билеті (14 жасқа дейін) | 1 500 |
| 7.4. | балаларға арналған топтық кіру билеті (14 жасқа дейін) | 1 100 |
| 8. | Бірлескен іс-шаралар өткізу үшін залды ұсыну қызметтері, 1 сағат | 2 500 |
| 9. | Тәулік ішінде бірлескен іс-шаралар өткізу үшін залды ұсыну қызметтері | 53 000 |

».

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің**
**2020 жылғы «__» ________**
**№ ___________ қаулысына**
**10-қосымша**

**Астана қаласы әкімдігінің**
**2017 жылғы 24 мамырдағы**
**№ 105-1016 қаулысына**
**8-қосымша**

## Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «М. Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларына енгізілетін өзгеріс

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «М. Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары мынадай редакцияда жазылсын:

«

| Р/с № | Тауар (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) атауы | Бірлік бағасы, теңге |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | Кіші залда өткізілетін спектакльдерге кіру билетінің құны: | |
| 1.1. | таңертеңгілік спектакльдерге билеттер | 800 |
| 1.2. | таңертеңгілік спектакльдің тұсаукесеріне билеттер | 900 |
| 1.3. | кешкі спектакльдер билеттері: | |
| 1.3.1. | 1-12 қатарлар | 1 500 |
| 1.3.2. | 13-17 қатарлар | 2 000 |
| 1.4. | кешкі спектакльдің тұсаукесеріне билеттер | 3 000 |
| 1.5. | студенттер мен зейнеткерлер үшін (растайтын құжаттар болған жағдайда) | 1 000 |
| 1.6. | театрландырылған жаңа жылдық қойылымға билеттер | 3 000 |
| 2. | Үлкен залда өткізілетін спектакльдерге кіру билетінің құны: | |
| 2.1. | таңертеңгілік спектакльдерге билеттер: | |
| 2.1.1. | 1-12 қатарлар | 700 |
| 2.1.2. | 13-17 қатарлар | 600 |
| 2.2. | кешкі спектакльдерге билеттер: | |
| 2.2.1. | 1-6 қатарлар | 2 000 |
| 2.2.2. | 7-12 қатарлар | 1 500 |
| 2.2.3. | 13-17 қатарлар | 1 200 |
| 2.2.4. | студенттер мен зейнеткерлер үшін (растайтын құжаттар болған жағдайда) кешкі спектакльдерге билеттер | 1 000 |
| 2.3. | Оқушыларға арналған мақсатты таңғы спектакльдер: | |
| 2.3.1. | балкондағы орындар | 500 |
| 2.3.2. | 1-12 қатарлар | 700 |
| 2.3.3. | 13-17 қатарлар | 600 |
| 2.4. | Студенттер мен оқушыларға арналған мақсатты кешкі спектакльдер: | |
| 2.4.1. | 1-12 қатарлар | 700 |
| 2.4.2. | 13-17 қатарлар | 800 |
| 2.5. | Таңертеңгілік спектакльдің тұсаукесеріне билеттер: | |
| 2.5.1. | 1-12 қатарлар | 900 |
| 2.5.2. | 13-17 қатарлар | 800 |
| 2.6. | Кешкі спектакльдің тұсаукесеріне билеттер: | |
| 2.6.1. | 1- 6 қатарлар | 3 000 |
| 2.6.2. | 7-12 қатарлар | 2 500 |
| 2.6.3. | 13-17 қатарлар | 2 000 |
| 2.6.4. | студенттер мен зейнеткерлер үшін (растайтын құжаттар болған жағдайда) | 1 000 |
| 2.7. | Жаңа жылдық ертегімен қойылымға билеттер | 2 000 |
| 3. | Бірлескен іс-шара өткізу: | |
| 3.1. | Үлкен залда бірлескен іс-шаралар өткізу үшін залды ұсыну қызметтері: | |
| 3.1.1. | зал толық кезінде бірлескен іс-шаралар өткізу үшін залды ұсыну қызметтері (284 отыратын орын), 1 сағат | 150 000 |
| 3.1.2. | бірлескен іс-шараларды өткізу үшін залдың 1/2 бөлігін қамтыған жағдайда залды ұсыну қызметтері (148 отырғызу орны), 1 сағат | 75 000 |
| 3.2. | Бірлескен іс-шараларды өткізу үшін фойені ұсыну қызметтері, 1 сағат | 30 000 |
| 3.3. | Шағын залды бірлескен іс-шаралар өткізу үшін ұсыну қызметтері, 1 сағат | 50 000 |
| 4 | Шағын залда корпоративтік ертеңгілік | 150 000 |
| 5. | Үлкен залда ертегімен корпоративтік ертеңгілік өткізу қызметтері | 300 000 |

* Ескертпе:

«Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері мәдени ойын-сауық шараларына бірінші кезекте және тегін кіруіне құқықтары бар (растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда).

«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, бірінші және екінші топтардағы мүгедектер мен 18 (он сегіз) жасқа дейінгі мүгедек балалардың мәдени ойын-сауық шараларына тегін кіруіне құқықтары бар (растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда), ал үшінші топтағы мүгедектер мәдени ойын-сауық шараларына кіру билеті құнының 50% төлеп кіре алады (растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда).

5 (бес) жасқа дейінгі балаларға кіру тегін, бірақ отырғызатын орын ұсынылмайды. Кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған 18 (он сегіз) жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға кіруге тегін билеттер ұсынылады (растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда).».

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің**
**2020 жылғы «__» ________**
**№ ___________ қаулысына**
**11-қосымша**

**Астана қаласы әкімдігінің**
**2017 жылғы 24 мамырдағы**
**№ 105-1016 қаулысына**
**15-қосымша**

## Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Nomad City Hall» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары

| Р/с № | Тауар (жұмыстың, көрсетілетін қызметтің) атауы | Бірлік бағасы, теңге |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| 1. | 2-микрофон, 2 микрофон тіреуішін;<br>қуаттылығы 20 кВт дыбыстық техникалық қамтамасыз етуді;<br>техникалық жұмыс жарығы – жарықтық техникалық қамтамасыз етуді;<br>1 бірлік гримерлік бөлмесін ұсынумен шағын форматтағы жоба – «Эконом» жабдықтары жиынтығымен қамтамасыз ете отырып, ұзақтығы 1 сағатқа бірлескен іс-шаралар өткізу үшін концерт залын ұсыну қызметтері | 200 000 |
| 2. | 2-микрофон, 2 микрофон тіреуішін;<br>қуаттылығы 80 кВт және одан жоғары дыбыстық техникалық қамтамасыз етуді;<br>жарықтық техникалық қамтамасыз ету – динамикалық жарықты, Spot 1200 жарықтық пультімен;<br>8 бірлік гримерлік бөлмесін ұсынумен «Стандарт» жабдықтар жиынтығын қамтамасыз ете отырып, ұзақтығы 1 сағатқа бірлескен іс-шаралар өткізу үшін концерт залын ұсыну қызметтері | 300 000 |
| 3. | 2-микрофон, 2 микрофон тіреуішін;<br>қуаттылығы 20 кВт-тан 50 кВт-қа дейін дыбыстық техникалық қуаттылығы қамтамасыз етуді;<br>техникалық жұмыс жарығы – жарықтық техникалық қамтамасыз етуді;<br>4 бірлік гримерлік бөлмесін ұсынумен шағын форматтағы жоба – «Эконом» жабдықтарын қамтамасыз ете отырып, ұзақтығы 12 сағатқа дейін бірлескен іс-шаралар өткізу үшін концерт залын ұсыну қызметтері | 750 000 |
| 4. | 2 микрофон;<br>қуаттылығы 80 сағ/кВт және одан жоғары дыбыстық техникалық қамтамасыз етуді;<br>жарықтық техникалық қамтамасыз ету – динамикалық жарық, Spot 1200 жарықтық пультімен;<br>8 бірлік гримерлік бөлмесін ұсынумен «Стандарт» жабдықтары жиынтығын қамтамасыз ете отырып, ұзақтығы 12 сағатқа дейін бірлескен іс-шараларды өткізу үшін концерт залын ұсыну қызметтері | 1 000 000 |
| 5. | Қуаттылығы 80 сағ/кВт-қа дейінгі дыбыстық техникалық қамтамасыз етуді;<br>жарықтық техникалық қамтамасыз ету – динамикалық жарықты, Spot 1200 жарықтық пультімен;<br>2 бірлік гримерлік бөлмесін ұсынумен жабдықтарды қамтамасыз ете отырып, ұзақтығы 12 сағатқа дейін бірлескен іс-шараларды өткізу кезінде залды дайындық үшін ұсыну қызметі | 500 000 |
| 6. | жүк лифті қызметін;<br>жарықтық техникалық қамтамасыз ету – жұмыстық, техникалық жарықты;<br>клинингті (уақыт бойынша) ұсынумен ұзақтығы 12 сағатқа дейін бірлескен іс-шараларды өткізу үшін декорациялар мен концерттік жабдықтарды жинау және бөлшектеу үшін залды ұсыну қызметі | 500 000 |
| 7. | Ұзақтығы 3 сағатқа дейін бірлескен іс-шараларды өткізу үшін 2-қабаттағы фойені ұсыну қызметі | 150 000 |
| 8. | «Черепашка» шамы жарығымен қамтамасыз етуді;<br>клинингті (уақыт бойынша) ұсынумен ұзақтығы 6 сағатқа дейін бірлескен іс-шараларды өткізуге 1-ші қабаттағы фойені ұсыну қызметі | 300 000 |
| 9. | Бірлескен іс шаралар өткізу кезінде актерлердің қойылымдары бойынша қызмет, 1 сағат | 300 000 |
| 10. | Бірлескен іс-шаралар өткізу кезіндегі дыбыстық аппаратураны ұсыну қызметі: | |
| 10.1. | микрофон, 1 бірлік | 10 000 |
| 10.2. | БЭК-лайн вокалына арналған аппаратура (3 микрофон тіреуіші, 3 микрофон, монитор) | 60 000 |
| 10.3. | дыбыстық аппаратура | 40 000 |
| 11. | Бірлескен іс-шаралар өткізу кезінде тапсырыс берушінің қосымша аппаратурасын орналастыру мен қосу қызметі, 1 бірлік | 15 000 |
| 12. | Электр энергиясының қуатына қосылмайтын 1 ш.м аланды ұсыну қызметі, 1 тәулік | 1500 |
| 13. | Электр энергиясының қуатына қосылатын 1 ш.м аланды ұсыну қызметі, 12 сағатқа дейін | 2500 |
| 14. | Баннерді орналастыру қызметі, 1 ш.м, 6 сағатқа дейін | 2000 |
| 15. | Бірлескен іс-шараларды өткізу үшін LED-экранды ұсыну қызметі, 1 ш.м | 25 000 |
| 16. | Бірлескен іс-шаралар өткізу үшін гримерлік бөлмені ұсыну қызметі, 1 тәулік | 40 000 |
| 17. | Ғимарат аумағында үйлену тойы мен көркемдік фото- және бейне түсірілімдерін ұсыну қызметі, 1 сағат | 25 000 |
| 18. | Бірлескен іс-шаралар өткізу үшін жабдықтарымен бар үстелшесін ұсыну қызметі, 10 сағатқа дейін | 50 000 |
| 19. | Актерлік шеберлікке арналған студия қызметтерін көрсету, 8 рет келу, 1 ай | 15 000 |
| 20. | Театр қойылымына бір адамға кіру билетінің құны: | |
| 20.1. | 1-9 қатарлар | 1 500 |
| 20.2. | 10-16 қатарлар | 1 200 |
| 20.3. | 17-19 қатарлар | 1 000 |
| 20.4. | балкон 2-қабат | 600 |
| 20.5. | балкон 3-қабат | 400 |
| 21. | Кешкі тұсаукесер қойылымдарына бір адамға арналған кіру билетінің құны: | |
| 21.1. | 1-19 қатарлар | 3 000 |
| 21.2. | балкон 2-қабат | 2 000 |
| 21.3. | балкон 3-қабат | 1 000 |
| 22. | Таңертеңгі, мектеп оқушыларына мақсатты спектакльдерге кіру билетінің құны | 500 |
| 23. | Концерттік бағдарламаға, шығармашылық кешке, шақырылған мамандардың, актерлердің, қоюшы режиссерлердің қатысуымен өтетін фестивальдерге кіру билетінің құны бір адамға: | |
| 23.1. | 1-9 қатарлар | 5 000 |
| 23.2. | 10-16 қатарлар | 4 000 |
| 23.3. | 17-19 қатарлар | 3 000 |
| 23.4. | балкон 2 қатарлар | 2 000 |
| 23.5. | балкон 3 қатарлар | 1 000 |

Ескертпе:

«Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері мәдени ойын-сауық шараларына бірінші кезекте және тегін кіруіне құқықтары бар (растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда).

«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, бірінші және екінші топтардағы мүгедектер мен 18 (он сегіз) жасқа дейінгі мүгедек балалардың мәдени ойын-сауық шараларына тегін кіруіне құқықтары бар (растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда), ал үшінші топтағы мүгедектер мәдени ойын-сауық шараларына кіру билеті құнының 50% төлеп кіре алады (растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда).

5 (бес) жасқа дейінгі балаларға кіру тегін, бірақ отырғызатын орын ұсынылмайды. Кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған 18 (он сегіз) жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға кіруге тегін билеттер ұсынылады (растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда).

## САНДЫҚ САУАТЫМЫЗДЫ ДАМЫТАЙЫҚ

Мемлекет басшысы атап өткендей, ақпараттық «бум» дәуірінде сандық мемлекеттік қызметтер интуитивті болуы және әрбір адамға, тіпті қатардағы, дайын емес пайдаланушыға да қолжетімді болуы тиіс.

Мессенджердегі қарым-қатынас, онлайн-төлемдер, электрондық қызметтер – осының барлығы заманауи адамның күнделікті істерінің бір бөлігі.

COVID-19 жаһандық пандемиясының қоғам өмірінің барлық салаларына қазіргі әсерін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша барлық халыққа қызмет көрсету орталықтарын (бұдан әрі – ХҚКО) уақытша жабу мемлекеттік қызметтерді цифрландыруды жеделдетуде де, азаматтардың уақыты мен ақшалай қаражатын үнемдеудің пайдасына да оң әсерін тигізді.

Қазіргі уақытта ХҚКО-ның жұмысы электрондық форматта мемлекеттік қызметтерді алу мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып, онлайн-режимге көшті.

Бірақ белгілі бір қиындықтар халықты үйреншікті қызметтерді пайдаланудың жаңа қағидаттарына үйрету, күнделікті өмірде ақпараттық технологияларды пайдалана білуі қажет.

Халық арасында сандық сауаттылықты арттыру бойынша білім беру мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі ҚР-дағы БҰҰ даму бағдарламасы «UNDP Kazakhstan» аясында азаматтарды сандық форматта мемлекеттік қызметтерді пайдалану дағдыларына үйрету бойынша еріктілер жұмылдырылған.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаменті «Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕАҚ филиалымен бірлесіп, жұмылдырылған еріктілермен оқыту, сондай-ақ ХҚКО жұмысымен таныстыру мақсатында кездесу өткізді.

Іріктелген кандидаттар «мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру, мемлекеттік қызмет сапасын қамтамасыз ету және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тетіктерін жетілдіру» жобасы шеңберінде азаматтарды сандық форматта мемлекеттік қызметтерді пайдалану дағдыларына оқыту бойынша практикалық жұмыстың бағалы тәжірибесін алады, сондай-ақ ұйымдастырушылардан сертификаттар алады.

«Біз өз қоғамымызға, өз азаматтарымызға көмектесуіміз керек; келесі жыл мемлекетіміздің тиімді цифрландыру белгісімен өтуі керек...».

## ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫ БОС ЛАУАЗЫМДАРҒА КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ

| | |
|---|---|
| Кафедра меңгерушісі: | |
| экономикалық және математикалық пәндер кафедрасы | – 1 бірлік |
| **кафедра профессоры:** | |
| педагогика | – 1 бірлік |
| шетел тілдері | – 1 бірлік |
| **кафедра доценті:** | |
| педагогика | – 2 бірлік |
| қазақ және орыс филологиясы | – 3 бірлік |
| экономикалық және математикалық пәндер | – 1 бірлік |
| **кафедра аға оқытушысы:** | |
| шетел тілдері | – 4 бірлік |
| педагогика | – 1 бірлік |
| кафедра оқытушысы: | |
| шетел тілдері | – 2 бірлік |

Соңынан еңбек шарты жасалатын конкурсқа қатысуға ниет білдірген адамдар жоғары оқу орны басшысының атына өтініш береді. Өтінішке келесі құжаттар қоса беріледі:

1) кадрларды есепке алудың жеке парағы;
2) өмірбаян;
3) жоғары білім туралы дипломдардың, академиялық және ғылыми дәрежелері, ғылыми атақ туралы құжат және салыстырып тексеру үшін олардың түпнұсқалары;
4) қайта даярлау және біліктілігін арттыру туралы куәліктердің көшірмелері (егер болса) және салыстырып тексеру үшін олардың түпнұсқалары;
5) ғылыми еңбектердің, жарияланымдардың және өнертабыстардың тізімі (егер бар болса);
6) 086 нысанындағы медициналық анықтама;
7) қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адам туралы мәліметтердің болуы немесе болмауы туралы анықтама;
8) наркологиялық ұйымның конкурсқа қатысушының тіркелмегендігі туралы анықтамасы;
9) үміткердің тіркелмегендігі туралы нейропсихиатриялық ұйымның анықтамасы.

Конкурсқа қатысушы оның біліміне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (бұрынғы жұмыс орны басшылығының ұсынымы және т. б.), сондай-ақ жұмыс тәжірибесі мен біліктілігін растайтын құжаттарды ұсынуға құқылы.

Конкурсқа қатысуға өтініш берудің мерзімі – 2020 жылдың 9 маусымынан 2020 жылдың 28 маусымына дейін (конкурс туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап 20 күнтізбелік күн).

Біздің мекенжайымыз: 010009, Нұр-Сұлтан қаласы, М.Жұмабаев даңғылы, 4, тел.: 561-933, 571-225, e-mail: eagi@list.ru

## НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2020 жылғы маусым айының үшінші он күндігінде өтетін Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының кезекті сессиясының қарауына «Жергілікті атқарушы органның мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің жергілікті жобаларын іске асыру барысы туралы есебі» мәселесі енгізіледі.

Сессияның қарауына енгізілетін мәселе бойынша ұсыныстарыңыз бен ескертпелеріңіз болса, «Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының аппараты» ММ мына телефондар бойынша 55-66-31, 55-66-37 және maslihat_org@mail.ru электронды мекенжайына хабарласуыңызды сұраймыз.

**М.ШАЙДАРОВ,**
**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты хатшысының м.а.**





# ҚЫЗҒЫЛТ КӨЛДІ КӨРДІҢІЗ БЕ?

**«Астана ақшамының» оқырмандары білуге тиіс, былтыр Ерейментау ауданындағы қызғылт көл жайында жазған едік. Сол жұртты қызықтырған көлді биыл көзбен көріп келудің сәті түсті.**

Ғалым **ҚОЖАБЕКОВ**

Бұл көлдің ежелгі атауы Көбейтұз екен. Бұл – Нұр-Сұлтан қаласынан 150 шақырым жердегі Ерейментау қаласының маңайындағы тоғыз көлдің бірі. Нұр-Сұлтан-Павлодар тасжолының бойында жатыр. Ерейментаудан өткен соң 20 шақырымдай жүріп Сайдалы қыстағына жетсеңіз, әрі 5-6 шақырым жай жолмен жүріп, ел аузында «Розовое озеро» атанып кеткен көлге табан тірейсіз.

Бұл көлдің құдіреті сол, суы қып-қызғылт, алыстан көз тартады. Ал суға түскенде тіптен таңғалдым, асты аппақ, шамамен үш-төрт елідей қатпарлы кәдімгі тұз. Күрек алып бару керек екен, тұзды аршып жіберсеңіз, астынан емдік қара лай шығады. Келгендердің бәрі қара лайды жағып жағада жүр. Ал көлдің өзіне бір тәулікте 20 минут қана түсуге болады дейді осы жақтың тұрғындары. Одан көп түссеңіз зияны да болуы мүмкін. Келген жұрт өзімен бірге кісі басына 3-4 литр су ала шығады екен, тұздан кейін шайынып алуға, әйтпесе тұз денені ашытып, киімге дейін қатырып тастайды. Көлдің маңайында, үлкен трассаның бойында «Ақжол» деген кемпинг бар. Тамақ береді, демалуға мүмкіндік қарастырылған. Жалпы, мұнда келген жұрт қызғылт көлден кейін маңайындағы тоғыз көлдің біріне барып шомылып, жан сергітіп қайтуды дәстүрге айналдырыпты.

Бұл көлдің сырын білмек оймен қайтарымда Ерейментаудың іргесіндегі Малтабар ауылына соғып, көнекөз қариялардың бірі Сағымбай Әбілұлымен әңгімелестім. «Бұл бұрыннан сол маңайдағы жай көлдердің біріндей болатын. Бала кезімізден түсіп келеміз ғой. Бірақ соңғы жылдары көлдің суы қызғылт тартып кетті. Содан елдің назарын аударатын болды. Құс та қонбайтын болыпты. Ал басқа көлдерге аққу да, тырна да, қаз да, қасқалдақ та қонады. Ал енді негізі бұл маңайда тұзды екі көл бар, мынау үлкені ғой. Бұрынғы аталарымыз, бала кезімізде осында ем үшін келетін. Балалардың айтуынша, бұл көлге еліміздің басқа аймақтарынан, тіпті ресейліктер де келетін болыпты» дейді тоқсанға таянып қалған қадірлі ақсақал.

Иә, Қанжығалы қарт Бөгенбай батырдың еліндегі көптеген көл, қатпар-қатпар тау-қыраттар еріксіз көз тартады. Шөбін тартса май шығатын, тасын қопарса алтын шығатын, көлдерінде балық тулаған, құс шулаған ежелгі Ереймен жерінің табиғаты шынымен де ерекше екеніне шүбә келтіре алмайсыз.



*Сағымбай Әбілұлы*

Елордаға қайтып келе жатып қызғылт көлді саяхатшылар үшін пайдалануға мүмкіндік қарастырылса, ғалымдарды тартып, көлді зерттеп көрсе, пайдасы болса кәсіпкерлер қолға алып, ем алатындарға, дем алатындарға жағдай жасап берсе, нұр үстіне нұр болар еді деген ой туды.






ЖАҚСЫДАН ҚАЛҒАН ЖӘДІГЕР

# ҚАЙРАТКЕР КИГЕН КОСТЮМ

**Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, дауылпаз ақын Сәкен Сейфуллин туралы кейінгіге жеткен аңыз көп. Соның ішінде ардақты азаматтың сырбаздығы мен талғампаздығы туралы жиі айтылады. Шынында да, Сәкен атамыз өте көрікті адам болған.**

Азамат **ЕСЕНЖОЛ**

Сыршыл ақын Сырбай Мәуленовтің тұғырлы тұлғаға арнаған өлеңінде «Қазақты көргің келсе міне, осы деп. Көрсетсе жер жүзіне ұялмайтын» деп жазғаны да оның сымбатты болмысын айшықтай түседі. Ақынның сырт келбеті туралы жазушы Сәбит Мұқанов естелігінде: «Костюмімен ғана отырған Сәкенге енді қарасам, кескіні шынында да адамзаттың көркемі екен. Қыраусыз қап-қара қалың қасы, қою ұзын мұрты өзі сұлу ажарын ерекше шешіп тұр!.. Сол жылғы жасы 28-ге ғана толғанымен, кескіні сақа жігіт сияқты... Оң жақ білегіне салған, қара алтынмен әшекейленген сом, бұрамалы күміс білезік пен қайырмалы ақ жағаға тағылған галстук» деп жан-жақты баяндайды. Сәкен атамыз өзі өмір сүрген дәуірде Еуропа стилінде талғаммен киініп, оны көшеден көргендер көз салмай өтпеген. Соның бір дәлелі ретінде бас шаһардағы Сәкен Сейфуллин музейінде асыл ақынның костюм-шалбары сақталған. Бұл жәдігер әлі де ине-жіптен жаңа шыққандай жарқырайды. Қазір қайраткерден қалған мұра мұражайдың төрінде ілулі тұр.


Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС
Директор – **Жарқын ЖҰМАДІЛОВ**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Шеф-редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Апталық таралымы — 15 000
Тапсырыс №67
Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы, Сілеті көшесі, 30.
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

**Редакция мекенжайы:**
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК
astana.aqsham@gmail.com

**Қабылдау бөлмесі:**
тел./факс: +7 (7172) 703-212
Тілшілер бөлімі: 70-32-14, 70-32-17
Үйлестіруші: 70-33-05
Жарнама: 70-33-06

astana.akshamy@mail.ru